

Ортақ талқыда шешім көп



2

Генофондқа жойқын соққы




4

Ақбақай этнографтың жазбасы



5



ОРТАЛЫҚ ҚАЗАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

№14 (25190) 4 АҚПАҢ, СЕНБІ 2023 ЖЫЛ

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Ардагер спортшыны ардақтады

Президент теледидар көреді екен. Оған дәлел – Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ақадырда тұратын 73 жастағы пауэрлифтинг чемпионы Дәрібай Оспановқа арнайы тарту-таралғы, сый-сияпат жіберуі. Мемлекет басшысына чемпионды таныстырған «Хабар 24» арнасындағы «Туған ел» хабары. Әйтпесе, Ақадырдағы карт чемпион есімі Ақордаға жетпес еді. Әрі чемпион, әрі бапкер қарияны теледидардан көріп, риза болыпты Президент. Содан ыстық ықыласы жолдаған көрінеді. «Міне, осындай адамдар жастарға үлгі болуы тиіс! Қолдау қажет» деген екен. Ақордадан келген Алғыс хат пен арнайы тартуды аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев табыстады. Президент чемпионға Алғыс хатпен бірге естелік сағат, Бурабай шипажайына жолдама жіберіпті. Сонымен бірге, аймақ та чемпионды құр қол жібермеді. Әлемдік аренада аймақтың ғана емес, дүйім қазақтың намысын қорғап жүрген чемпионға, 9 рет чемпион шыққан әулет несі арқылы Ақадырдың спорт мектебіне халықаралық деңгейдегі штанг жиынтығын алатын 10 млн. теңге сертификат сыйлады.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»



Дәрібай ақсақал әлемдік рекордты қайталаған адам. Өз категориясында 180 килограмм зілтемірді көтерген. 56 жасынан бастап пауэрлифтингке ден қойған ақсақал Азия біріншілігінде Гонконг, Филиппин, Үндістанға барды. Әлемдік біріншілікте АҚШ, Прага, Чехия, Жапония төрінде өнер көрсетті. Әлемдік деңгейде 5 алтын, 5 күміс медалі бар. Екі дүркін

Азия, үш дүркін Әлем чемпионы. Осылайша әлемдік бәсекеде он жүлдесі жарқырап төрде тұр.

– Мен инженер-геодезист болып жұмыс істедім. Құбыр тартып, айдалада жүргенде бос пластмасса құтыларға құмды толтырып, көтеріп жаттығатын едім. Содан әлемдік деңгейге шықтым. Алғаш рет 2008 жылы Гонконгтегі Азия біріншілі-

гінде күміс жүлдегер атандым. Одан кейін Филиппинде алтын алдым. Америкада 2012 жылы күміс иеленіп, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормасын орындадым. Қазіргі дәреже – Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, – дейді Дәрібай Оспанов. Бұдан соң Литвада екі дүркін Әлем чемпионы атанды. Бұдан соң жапондарды таң қалдырып, Әлем чемпионы



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

атағын жеңіп алды. Ал, былтыр Алматыда өткен Әлем біріншілігінде абсолютті әлем чемпионы ретінде мойындалыпты.

Рекорды 180 келі болғанымен, жаттығуларда 200 килограммға дейін күші жететін чемпион әулетімен жат жерде 31 рет жеңіс туын желбіретіпті. Оның ішінде, Еңұран 18 рет әуелеп, шырқалған екен.

Ақсақалдың балалары да, жоғарыда айтқанымыздай, Әлем чемпионы. Үш ұлы да осы пауэрлифтингтен зор жетістіктерге жеткен. Екі үлкен ұлы және немересі әлем чемпионы.

Ал, кенже ұлы Әбдулқарим Қараманның жаттықтырушысы – өзі. Әбдулқарим әлемнің төрт дүркін, Азияның алты дүркін чемпионы, алты рет Азияның күміс жүлдесін жұлып алған, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері.

– Үш дүркін әлем чемпионы атанған соң балама Еңбек сіңірген спорт шебері, жаттықтырушысы маған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы атағы берілді. Балам қазір классикалық түрден әлемдік рейтингте бірінші орында тұр. 175,5 килограмм көтерген рекордын 4 жылдан бері ешкім жаңарта алған жоқ. Бұл – Қазақстанда болмаған нәтиже. Қазақстанда бір спортшы әлемдік рейтингте 4 жыл қатарынан бірінші тұрған емес. Қазір ол Ақадырда балаларды жаттықтырады. Чемпиондарды дайындап жатыр, – дейді ақсақал.

Дәрібай Оспанов мұнымен тоқтап қалмайтынын айтады. Ол аптасына бес рет жаттығады. Үш ұлымен биылғы халықаралық жарыстарда Қазақстанның намысын қорғауға дайындық үстінде.

– Қазан айында Моңғолиядағы Әлем біріншілігіне қатысуды жоспарлап отырмыз, ал маусым айында Үндістанға барамыз, – дейді спорт ардагері. Сәт сапар. Ал, бұл әулеттен мұқым қазақ тек жеңісті күндерді ғана күтеді. Ол да алыс емес.

Суретті түсірген ЕРКЕБҰЛАН ХАДЫЛБЕК



Мамандық алып беретін кәсіпорын

Альбина Сивенкова – Сарандағы КатаTures KZ шина зауыты құрастыру секторының инженер-технологы. Зауыттың білікті мамандарды жұмылдырып жатқаны жайында ғаламтор бетінен біліпті. Бірден Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүгінген ол аз уақыттан соң іскерлік жүзесуге шақырту алады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Жұмыс деген де адамның тағдыры ғой. Басында үміттен күмән басым болған. Зауытқа орналасу үшін 11 жылдық орта білім жеткілікті көрінеді. Бірақ, біліктілікті арттыру қажет. Осы мақсатта Татарстандағы Нижнекамск қаласына барып, тағылымдамадан өттім. Жасырмаймын, өмірі қыз-қыз қайнап жатқан алып өндіріс ошағының бір мүшесі болу бойға үрей ұялатты. Өндіріс ошағының тыныс-тіршілігімен таныса келе, онда шынымен де өз ісінің мамандары жұмыс істейтініне көзім жетті. Олар да жылдап жинақталған тәжірибелерін бөлісуден таңбады. Нижнекамск біз секілді жас мамандарға мол мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда біз арнайы техниканы іске қосу, онда жұмыстарына және техникалық құжаттаманы әзірлеуге белсене кірісіп жатырмыз. Көңгі маман ретінде біз жұмыс сапасын қадағалай отырып, шина нарығында алпауыт компаниялармен лайықты бәсекелес боламыз деген сенімдіміз зор, – дейді Альбина Курвангалықызы.

– 2021 жылы жаңа өндіріс ошағының ашылуына байланысты, кадрларды іріктей бастадық, – дейді Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Марина Шегай. – Бөлім бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, Қарағанды, Теміртау, Шахтинск қалаларының қоғамдық және сауда орындарында, Абай және облыстың басқа аудандарында да кең ауқымды бірлескен ақпарат таратуға. Осы уақыт ішінде бізге 3500 түйіндемелі келіп түсіпті. Жүйелі әрекет шеңберінде жүздеген адам жұмысқа тұрды. Дуальді оқудан өтіп, кәсіпорынға орналасқандардың 177-сі Сараннан, қалғандары Қарағандыдан және жақын маңдағы елді мекендерден келді.

Естеріңізге сала кетейік, алғашқы отандық Forza шинасы 2022 жылдың 13 желтоқсанында КатаTuresKZ конвейерінен шыққан болатын. Бірегей жобаның ашылу салтанатына Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Роман Скляр, Татарстан президенті Рустам Минниханов, Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, «Татнефть» жария акционерлік қоғамының бас директоры Наиль Маганов және Allur компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьев қатысқан болатын. Содан бері іргелі компанияның жұмысында ірілік жоқ.



● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Мұз құрсауындағы Қарағанды

Қарағанды қантарды мұз құрсауы өткізді. Жаяудың қарға адым жер жүрүі мұңға айналған күндер еді бұл. Ақпан келе сала жайбарақат күйге ендік деп тағы айтыпаймыз. Қалалық әкімдік «мұз аршудан мұрын сіңбіруге уақыт таппай жүрміз» деп есеп берсе де, әлеуметтің сенгісі жоқ. Әлеуметтік желіні гүлетіп тұр. Ғаламтор тетігін түрткі қалсаңыз, көше-көшедегі тайғақты тайға таңба басқандай көрсеткен сурет тасқынының тиегі ағытылып береді...

Нұрқанат ҚАНАПИЯ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қала әкімі қызметіне таяуда кіріскен Мейрам Қожухов әлеуметтік желіде белсенді. Базбір шенеуніктер сияқты бұқпалап, сай-саланы сағалап қашып-пыспайды. Жіі-жіі жазбалар жарыялап, қайда жүргенін жасырмайды. Жұртпен жақын сөйлесуге тырысып жүреді. Қар тасу, мұз оюға қатысты жұмыстары жайлы да ара-тұра айтып қояды.

Мәселен, жақында Мейрам Мұратұлы өзінің «Instagram-дағы» парақшасында саябақтар басқармасы арқылы ірі техника кіре алмайтын жерлерді тазалауға арналған кішігірім тракторларды сатып алуға кіріскенін айтты. Өзірге, төртеуі келіп үлгерген. Олардың қар күрейтін шетқасы да бар. Құм да себеді. Сондай-ақ, әкім көп ұзамай осы типті 16 шағын және 20 орташа габаритті тракторлар келетінін мәлімдеді.

Әрине, аталған техника қоғамдық орындарды тазалауға жұмылдырылатыны анық. Ал, қарағандылықтардың күнделікті әңгімесінің тақырыбына айналған аула-лардағы жал-жал мұз бен тау-тау қарды қайтпекпіз?!

«Тұрғын үй қатынастары тура-

ль» Заңға сүйенген қалалық әкімдіктің мәліметінше, бұл шаруа – толығымен тұрғындардың өз жауапкершілігінде. Ол үшін тұрғындар өзара жиын өткізіп, үйді басқару, күту формасын таңдауы тиіс. Мәселен, мүлік иелері бірлестігі немесе қарапайым серіктестік құруы қажет. Сол хаттамалар мұздан аршу, құм себу міндеттемелері туралы пункттер көрсетілгені шарт. Егер, бұл пункттер көрсетілмесе, хаттаманы қайта жасақтауға болады. Әйтпесе, сіздің үйдің ауласына ешкім күрегің көтеріп келмейтін болып тұр.

Қазір қала көшелерінде қызу жұмыс жүріп жатыр.

– Әлихан Бөкейхан атындағы ауданда күндізгі ауысымда 85 жұмысшы және 74 арнайы техника жұмыс істеп жатыр. Соңғы он күн ішінде аудан аумағынан 31 мың текше метрден артық қар шығарылды. Сонымен қатар, 175 тонна құм-тұз қоспасы себілді, – дейді қала әкімінің баспасөз хатшысы Әсел Сәдуақасова.

Қазыбек би атындағы аудан жұмысы да қарқынды. Әкімдік өкілінің айтуынша, соңғы он күнде 548 тонна құм-тұз қоспасы себіліп, 80 541 мың текше метр қар шығарылған. Күн сайын қала көшелеріне 145 техника мен 139 жұмыс күші жұмылдырып отыр.



Дегенмен, қала әкімдігінің ақпаратына кейбір жандардың сенгісі жоқ. Мәселен, Сатыбалдин көшесінің тұрғыны Ернар Ш. аталған көшедегі тротуармен жүру мүмкін емесін айтады.

– Тротуар үсті – айнадай көк мұз. Құм сеуіп, сүймен ұстап жүрген бір жұмысшыны көрген жоқпын. Көшеде бірнеше мектеп қатар-қатар орын тепкен. Балалар көп жүреді. Оларды алып кетуге қариялар

барды көбінесе. Айдың күні аманда біреу майып бола ма деп қорқамыз, – дейді ол.

Әрине, Конституцияда айтылғандай, басты байлығымыз – адам. Сондықтан, адамның амандығы әркімді де ойландыруы тиіс. Әкімдікті де. Облыстың денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі ұсынған дерекке сенсек, қаңтарда 4574 адам көшеде құлағандағы жарақатымен дәрігер көмегіне жүгінді...

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

● EUR/KZT 505.77

● USD/KZT 459.92

● RUB/KZT 6.57

● CNY/KZT 68.41

Қазақстан Ұлттық Банкінің 3 ақпан, 2023 жылғы дерегі бойынша



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Ортақ талқыда шешім көп

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Білім басқармасының басшысы Гүлсім Қожахметованың айтуынша, соңғы жылдары өңірде мамандандырылған мекемелердің саны артқан. Бүгінде облыста бес психологиялық-педагогикалық консультация, екі оңалту орталығы және сегіз психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті жұмыс істейді. Бұл кезектің жылдам жылжуына мүмкіндік берді. 2025 жылға дейін аудандар бойынша тағы бір ПМПК және түзету кабинеттері кезек-кезеңімен ашылмақ.

– Желтоқсан айының соңында Оқу-ағарту министрлігі мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын қабылдады. Мәлімат айтқанда, ерекше балалар мемлекеттің қолдауымен жеке мекемелерде тегін көмек ала алады, – деді Гүлсім Қожахметова.

Арнайы мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту,

Денсаулығында ерекшелігі бар балалар білікті дәрігерлерге, педагогтер мен жаттықтырушыларға мұқтаж. Мұны сол балалардың ата-аналары облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевпен кездесу барысында айтты. Оған ата-аналарымен қатар, басқарма басшылары, қалалар мен аудандардың әкімдері қатысты. Білім, медицина, спорт және әлеуметтік қорғау мәселелері көтерілді.



● ДЕНСАУЛЫҚ

Онкология: жеңу жолы – ерте анықтау

Мамандардың айтуынша, қатерлі ісіктің алғашқы сатыларында ауру белгілері еш байқалмайды. Ол білінуі үшін кемі бес жыл уақыт керек екен. Бүгінде тіркелетін жағдайлардың 70-80 пайызы кеш анықталды десек, сонда адам бес жыл бойы қаралмаған, денсаулығына назар аудармаған болып тұр.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласының №3 көпсалалы ауруханасы, бұрынғы онкологиялық диспансер дәрігерлері адамдардың өз денсаулығына өздері жауапты екендігін кездесу сайын айтады. Осы жолы да 4 ақпан – Дүние жүзі бойынша қатерлі ісікке қарсы күрес күні аясында ұйымдастырылған баспасөз мәслихатында да адам денсаулығына өзі ғана жауапты екені сөз болды.

– Адам бойындағы қай ағза болмасын бастапқы кезде еш белгі байқалмайды. Науқастардың дерті асқынғанда кеш келетіні сондықтан. Ауруды асқындырмау үшін профилактикалық тексерістен өтіп тұру қажет. Бүгінде ерте диагностика, скринингтер кеңінен қолданылады. Емханадан шақыр-

са, ағусті қарамаңыздар. Шаршау, әлсіздік, бастың айналуы деген сияқты қарапайым белгілер онкология болмаса да адам ағзасында қандай да бір өзгеріс болып жатқанын көрсетеді. Соған уақытында мән беру керек, – дейді бас және мойын ісіктері бөлімінің меңгерушісі Ергали Шауенов.

Әріптесінің сөзін жалғаған аурухананың амбулаториялық-емханалық қызмет басшысы Анатолий Красножен «еш жерім ауырмайды», «менің денім сау» деп жүре беруге болмайды, – дейді.

– Бүгінде 30-40 жастағы адамдар арасында да қатерлі ісік жиі анықталуда. Олар әдетте «менің денім сау», «менің ешқандай жерім ауырмайды» деп жүре

береді. Бұл дұрыс емес. Мазаламаса да барып, тексерілу керек. Ол білінбей өтіп жатуы мүмкін. Ал, скринингтер, тиісті медициналық тексерулер адам көзіне байқалмай тұрған өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді. Бізге келмесе, жергілікті емханаларда қаралсын. Аудандық ауруханаларда да онколог мамандар бар. Егер, күдік тудыратын жағдай болса, олар бізге жібереді. Жалпы, онкологияны емдеу дүние жүзінде бірдей. Біз

скринингтердің нәтижесі. Бұл қалыпты жағдай, қайта жақсы деуге болады. Біз оларды ерте анықтап жатырмыз, – дейді А.Красножен.

Жылына облыс бойынша 2-3 мың адамнан қатерлі ісік анықталады екен. Оның 500-ден астамы сүт бездері қатерлі ісігі, 1000-ға жуығы өкпемен келеді. Басқа түрлері қосылып мыңнан асады. Жалпы аурухана есебінде 20 мыңнан астам адам тұр. Күніне 20-25 операция жасалады.

– Қазіргі таңда елімізде ғана емес, бүкіл әлемде сүт бездері обыры онкологиялық аурулар құрылымында бірінші орынға шығып отыр, – дейді онкология және сәулелік диагностика кафедрасының меңгерушісі Найля Қабилдина. – Осу тенденциясы байқалады. Әйел адам өзін тексеріп, бақылап отыруы керек. Түйін сезілсе, ірің не қан білінсе бірден дәрігерге бару қажет.

Спикерлер онкологиялық ауруларды емдеуде айтарлықтай ілгерілеу бар екенін де айтты. Бүгінде қатерлі ісіктен кейін өмір сүру ұзақтығы бес жылдан көбейгені байқалады. Өрине, түпкілікті нәтиженің сондай болуы індеттің ерте анықталуында. Бұл басты алғышарт десе болады. Себебі, барлық онкологтар бір ауыздан дерт неғұрлым ерте анықталса, құлантаза айығу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болатынын айтады. Бұл ретте аурухана директорының стратегиялық даму жөніндегі орынбасары Қайрат Қожамбердин онкоқызмет осы ауруханадан бөлек, облыстың барлық медициналық мекемесінде бар екенін айтты.

– Облыс бойынша онкологияға қатысты диагностикалық, емдеу шаралары толығымен жүргізіледі. Біздің ауруханада заманауи эндоскопиялық орталық бар. Жаңа корпус салынып жатқанын білесіздер. Онда заманға сай операциялық-анестезиологиялық, реанимациялық бөлімдер болады. Басқа дәрігерлермен, ірі орталықтармен тығыз байланыс бар. Біз көбірек тексеріс жасаған сайын көп анықталады, – дейді Қайрат Қожамбердин.

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Аялдамадағы нұсқаулық адастырмайды

Енді қала ішіндегі жолаушылар дiттеген жерiн адаспай табады. Автoбус жүргiзушi мен маңайындағы адамдардан аялдаманың аты мен нысаналы жерге қандай қоғамдық көлік баратынын сұрап зуре болмайды. Себебi, қала басындағы жетi аялдамаға қоғамдық көлік қозғалысының сызбалары орнатылды.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қоғамдық көліктегі кондукторлар қызметі тоқтағалы жолаушылар аялдамалардың атауын кімнен сұрауын білмей қиналып қалғаны шындық. Аудио хабарлама барлық автобуста айтыла бермейді. Ал бұл сызба жолаушылар үшін іздегенге сұраған болды.

– Біз көп адамға автобустардың маршрутын түсіну қиын деп ойлады. Барлық жолаушыда ақпаратты көруге болатындай ұялы телефон бола бермейді. Телефон сөніп қалған жағдайлар да болып қалады. Біздің схемалар туристерге, басқа елді мекеннен келген студенттерге ғана емес, жергілікті тұрғындарға да пайдалы. Олар автобуспен немесе шағын автобуспен қажетті аялдамаға қалай жетуге болатынын оңай түсіне алады. Мұндай маршруттық карталар әлемнің көптеген қалаларында орнатылған, оларды барлық жастағы адамдар пайдалана алады, – дейді қалалық Урбанистика орталығының баспасөз хатшысы Айғаным Мұхамедрахымова.

Жолаушылардың кедергісіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында Урбанистика орталығы жүзеге асырып отырған шара шынымен де тиімді. Жобаны орталық сәулетшісі Анна Касьян жасап, стендтер демеушілердің көмегімен орнатылды. Өзірге мұндай сызбалар «19-шы орам», «Политех», «Станиславский атындағы театр», «№2 емхана», «Ерұбаев көшесі» және «1000 ұсақ-түйек» аялдамаларында орнатылды. Екі жағына да қазақ және орыс тілдерінде жазылған. Алдағы уақытта мейнәттар тарапынан қолдау болса, бұл жұмыс жалғаса береді.

● БРИФИНГ

Қарқаралының қарқыны

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аймаққа жасаған жұмыс сапарында «Қарағанды-Қарқаралы» тас жолын жөндеуді тапсырамын. Қарқаралының туристік әлеуетін арттыру мақсатында бұл жұмысты алдағы екі жылдың ішінде аяқтау қажет» деген болатын. Осы орайда биыл Қарқаралы-Қарағанды бағытындағы күре жолдың 44 шақырымы жөнделеді. Осы жайында, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қарқаралы ауданының әкімі Ерлан Құсайын баяндап өтті.

Дулат ЖҮНІСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Өнеркәсіп өнімін тау-кен саласындағы «Өркен Кентөбе», «Қазақмыс» корпорациясы, «Алтай Полиметаллы» сияқты ірі кәсіпорындар беріп отыр. Аталған кәсіпорындардың өндірістік процестер тұрақты іске асуда. Жұмыскерлердің еңбекақысы уақытында төленіп отыр, – дейді аудан әкімі.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 21,4 млрд. теңгені құрады.

Ауданның басты саласының бірі – ауыл шаруашылығы екені белгілі. 2022 жылы жалпы өндірілген өнім көлемі 53,2 млрд. теңгені құраған. Мал шаруашылығында мал басы мен өндірілген өнімнің ұлғайғаны және техникалық парктің жанарғаны байқалады. Ауданның жер көлемі 3 млн. 547 мың 236 гектарды құрайды. Былтыр 11 конкурс өткізіліп, жалпы көлемі

102,9 мың га болатын 83 жер учаскесі шаруаларға пайдалануға берілген. Бүгінде аудан бойынша тиісінше пайдаланылмаған 37 мың 277 гектар жер қайтарылып алынған, 2023 жылы тағы 24 мың гектар жерді қайтару жоспарлануда. Аудан экономикасының дамуына шағын және орта бизнес субъектілері де өз үлесін қосуда. Олардың саны жылдан жылға ұлғайып, жаңа нысандар ашылууда. Аудандағы 3 мыңнан астам шағын бизнес субъектілерінде 3,8

мың адам жұмыс жасаған болса оған биыл 285 субъект қосылған.

Туризм саласын дамытуда ауданның әлеуеті зор. Қала маңында жалпы 3 мыңға жуық адамды қаражылауға қабілеті бар 35 демалыс орны мен қонақ үйлер қызмет көрсетуде. Мемлекеттік ұлттық парк аумағында да реттелетін туризмді дамыту мақсатында нысандар ашылған.

Әлеуметтік сала да ерекше бақылауда. Аудан бойынша 48 білім беру ұйымы жұмыс жасайды. Жыл сайын мәдениет саласына қаражат бөлу динамикасы қарқынды өсуде. 2022 жылы 13 ауылдық клубқа және Қарқаралы орталық кітапханасына ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. 2023 жылы Қарқаралы қаласында орталық стадион құрылысы басталмақ. Сонымен бірге, бассейн салу жоспары бар.

Осы бағытта Қарағайлы кенті, Көктағ, Жарлы, Бүркітті ауылдарында спорт кешені құрылысына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге аудандық бюджеттен қаражат қарастырылған.

Денсаулық сақтау саласында жалпы 49 мекеме қызмет көрсетуде. Орталық аурухана жылжымалы дәріхана автокөлігімен, цифрлі рентген аппаратымен, заманауи видеогастроэндоскоп аппаратымен жабдықталған. Осыған байланысты қуантағын жай 2023-2024 жылдары ауданда 20 денсаулық сақтау объектісі салынып, 7 автокөлік беріледі.

Қазіргі таңда жұмысыздық мәселесі ауданның бірден-бір күрделі тақырыбы болып отыр. Ол қазірде 2,9% құрады. Аудан бойынша бүгінде 541 адам үй алуға кезекте тұр.

2023 жылы Қарқаралы қаласында екі 18 пәтерлі тұрғын үйдің

құрылысын аяқтап, бірінші жартыжылдық пайдалануға беру жоспарланып отыр. Бұдан басқа Қарағайлы кентінде апатты деп танылған 21 көпқабатты үй бар. Осы апатты үйлерді бұзуға биылғы жылы 55,0 млн. теңге қаражат қарастырылған. Бөлінген қаражат осы жылы тек үш үйді бұзуға мүмкіндік береді. Ол істі толық аяқтау үшін 151,8 млн. теңге көлемінде қаражат керек.

Аудан бойынша су жүйелерінің жалпы ұзындығы 215 және кәріз жүйелері 14,5 шақырымды құрайды. Бүгінгі таңда ауданда орталықтандырылған су көрсеткіші 89%. «Жарлы – Қарқаралы» топтық су жүйесінің құрылысы жүргізілуде. 2022 жылы Ұлттық қордан және республикалық, облыстық бюджеттен ауылдық елді мекендерді су және кәріз жүйелерімен қамтамасыз етуге 1 675,3 млн. теңге бөлінген.

● БІЗДІҢ СҰХБАТ

Гүлия ЖӘНГІРОВА:

Адамгершілік – алғашқы капитал...

«Ortalyq Qazaqstan» газетінің №3-5 сандарында «Тәуекел табысқа жетелейді», «Әйел кәсіпкерлігінің әлеуеті зор» атты бірнеше мақала жарияланған еді. Жалпылай алғанда, ісмер жандардың іскер жандарға қалай айналатыны бәріне қызықты тақырып. Әрі облыстағы нәзік жандардың бизнес әлеміндегі аяқ алысы қандай? Осы жолы өңірдегі іскер әйелдер кеңесінің төрайымы, қалалық қоғамдық кеңес мүшесі Гүлия Жәңгіровамен сұхбаттасудың сәті түсті...

– Гүлия Алшынқызы, сізді былайғы жұрт бизнес-леди, қоғам белсендісі деп таниды. Есіміңіз брендке қалай айналды...

– Бірінші кезекте мен өзіңдей қарапайым адаммын десем жарасар. Солтүстік Қазақстанның тумасымын. Жастайымнан маңайыма қайырымдылық көрсетіп, қиналған жандарға көмектескім келіп тұратын еді. Қазір көпбалалы амамын. Ұстаздар отбасында өмірге келгендіктен бе, алғашқы мамандығым – педагог. Еңбек жолым мектепте мұғалім болудан басталды. Отбасында бала саны көбейген сайын еркін жұмыс қалыбы қажет болды. Бизнеске келуіме өмірлік жағдаяттар түрткі болды. Бұл саладағы еңбек өтілім жеті жылға жуықтады. Басында эстетикалық косметология саласында біраз еңбектендік. Шағын сұлулық салонын ашудан бастадық. Мұнымен қоса, дизайн саласы бойынша халықаралық дәрежедегі тренер болдым. Осы әрекетім білгенімді өзгеге үйретуге септігін тигізді. Бүгінде шәкірттерім әлемнің АҚШ, Чехия, Грузия сынды елдерінде кәсібін өрістегуде. Өзім де Канадада жоғары оқуды тәмамдап үлгердім. Біреуді кәсіпке баули алатынымды байқап, іске шығара бердім. Өңірлерге шықтық. Ондағы нәзік жандардың сандық технологиялар, экономикалық бағыттағы сауатын төмендігін аңғарып, «Сен ерекшесің» «Beautiful lady» сынды әлеуметтік бизнес-ағарту жобаларын бастауымызға түрткі болды. Сонымен, кәсіп бастағысы келетін нәзік жандарды бір арнаға ұйыта бастадық. Осы игі ниетімнен болар. Шүкір, жұртқа сыйлы, қоғамға беделді жанға айналғандаймыз. Жетістікке жетуімнің алғышарты – игі ниет. Қаражатты емес, қанағатты сақтау үшін деген принципім бар. Адамгершілік – алғашқы капитал!.. Адалдық – тренд.

– Заманауи тілмен айтсақ қосымша не болар?

– Иә. «Қосылғыштың орны ауысқанмен, қосынды өзгермейді». Былтыр Қарағандыда Іскер әйелдер кеңесі құрылғанда



кәдімгідей конкурстық негізде менторлыққа (грек тілінен: жетекші, тәрбиеші, ұстаз) қабылданған едім. Кеңес жұмысының барысында жыл ішінде 1000-ға тарта нәзік жанды кәсіпкерлікке баулыған екенбіз. Тренинг, онлайн-оффлайн кездесулер, вебинарлар дейсіз бе, күніне кемінде үш-төрт шара өткіземіз. Мұндай кеңестер Қазақстанның әр өңірінде бар. Кез келген әйел заты қаласа, оқуын бастап кете береді. Бірақ олар да қарап отыра бермей, «қос қолын созып» үйренуі қажет. Яғни, адам қолын созғанда ғана алақанына бірден ілінері сөзсіз. Құрығанда Ермеков 29-ға келіңіздер (Кәсіпкерлер палатасының мекенжайы) деп жатамыз.

Откен жыл бойы облыс әкімінің шақыртуымен кәсібін енді бастаған жандарға түрлі атаулы да әлеуметтік гранттар бөлу жөніндегі арнайы алқа құрамында болдым. Әу басында 315 өтінім қаралды. Одан өткені – 100. Ең соңында үздік 50 жас кәсіпкерге гранттар бөлінді. Грант сомасы кемінде 2 млн.тенге мөлшерінде болды. Осы жұмыстар арқылы

бойында ізгілігі жоғалмаған әрбір жан әлемнің қай нүктесінде болмасын кәсібін сүйсе, нәсібін теріп жей береді екен ғой. Тұлға да болып қалыптасады. «Тау көтерген Толағай болу» шарт емес. Тиянақты болмақ ләзім. Тиянағы бар, қиянаты жоқ жерде игілік өнеді. Бірақ, бір ескеретін жайт бар. Отбасы институтының халықтық қалыбы сақталуы маңызды. Онсыз береке болмайды. Яғни, әр шаңырақта ер ердің орнында, әйел үйдің ұйытқысы қалпында қалуының өмірлік мәні бар. Ролдер ауысып кетсе, ол отбасында елін қорғап ержүрек ұлдар өспейді... Атбайлауымыз атиал болмайды...

– Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы нақты айтқанда немен айналысады?

– Бұл өткен жылдың наурызында ашылған Ұлттық экономика министрлігінің жаңа жобасы. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы Ләззат Керімқұлызының бастамасымен ашылды. Ол кісінің кісілік келбетін осы арада

айтпай кетпеу әсте мүмкін емес. Өткен жылы алғашқы миллиард теңгесі бөлінді. Бұл нәзік жандарға «балық емес, қармақ ұстататын» жер. Сенесіз бе, сұранысқа не ие? Қолөнер. Бағзыдан апа-әжелерімізден келіп жеткен қайран мұра. Үйдегі көңіл күйді базардағы нарық күрткен соң, әйелдер күрқол жүрмей, ісмерлікпен айналысса да – олжа. Қарағандылық орталыққа осы уақытқа дейін 1000-нан аса өтінім түскенмен, 70 шақты әйел кәсіптің қыр-сырын үйреніп үлгерді. Нақтыласақ, әйел заты киім тігу, ірімшік даярлау, тәттілер дайындау сынды сүйікті ісімен айналысып артығын сата алады. Гажап емес пе?! Естен шығармау керек, бұл – әлеуметтік жоба. Біз секілді жанашыр жандар аз емес. Жанашыр жан болсаңыз да бір ганибет. Бастысы, әркім қалауын ашып айтуға үйренбек шарт.

– Әйелдердің қоғамдық ролінің артқанын ескерсек...

– Жаңсақ түсінік. Әрбір әйелге алдымен ердің назары мен қамқорлығы қажет. Сондықтан, өз аузымызбен қоғамдық пікір қалыптастырып әсте керекті жоқ. Мәселен, өзіме қайтып оралайын. Өз басым бәріне қалыпты көзқарас танытуға тырысамын. Бала-ларымды да қатты еркелетпеймін. Еріме де бас иемін. Есті еркек ақылды жарының аяғына оралғы болмасын қалды. Болды. Артық дүниенің не керекті бар екен?.. Өзге таңдау жоқ. Жұмыртқа сырттан сыңса – өлім, іштен сыңса – өмір... Қазақ нақыш пен өмір салтын да таңғажайып дүниелер жатыр. Ата-баба ғұрпынан алыстамасақ, келешегіміз кемел болмақ. Елге пайдалы болайық!

– Сөз соңында...

– Айтпағымыз аз. Жастарға – жол, үлкендерге – ізет. Саналы болайық, нәзік жандар. Бәрі басымызды оймақтай ойдан басталады. Алдымен ана екенімізді ұмытпайық. Көңіл көкжиегіміз кең болсын. Алаш арыстарының «Ұлылардың ұлы ұрпағы екенімізді ұмытпайық» деген бір ауыз сөзі жадымда. Бәріне бизнеспен айналысып кету міндет емес шығар. Бәлкім, ақ халатты абзал жан болғаны әлдеқайда пайдалырақ болар. Немесе ұстаздық еткен ләзім бе екен. Ең арзан дүние – ақша. Жан дүниеміз бай болсын!

Сұхбаттасқан
Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

● ӨЗЕКТІ

«Балқашсүттің» бағы жана ма?

Бұрындары балқаштықтардың «Балқашсүт» өнімдеріне қоржын қосып ақырын басып үйлеріне қайтып бара жатқанын көруші едік. Бүгінде дәмі тіл үйіретін сапалы сүт өнімінің заты түгілі аты да қалмады. Тоқсаныншы жылдары тоқырап, қайта аяққа тұрған қоспаны қазір жұмысын тоқтатқан. Оған себеп, шикізаттың жетіспеушілігі көрінеді.

Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»



2017 жылы кәсіпорынның қиындығы туралы айтып, «Балқашсүт» ЖШС басшысы Қадір Каспаков дабыл қаққан. Қаржылық қолдау болмаған соң кәсіпорынның толық жұмыс істеуге қауқары жетпеген. 2012 жылдан 2017 жылға дейін өндірілген өнім көлемі тоғыз есеге төмендеген. 2018 жылдың 20 тамызынан бастап, кәсіпорын ресми түрде жұмысын тоқтатқан. «Балқашсүт» ЖШС өндірісі тоқтағалы шағын шаһарда тағы да бір түйткілді мәселенің ұшы қылтыяды. Сүт өнімдері сырттан тасымалданатын болғаннан кейін қыс қаһарына мініп, жол жабылғанда қала сүтсіз қалады.

Кәсіпорын сонау 1939 жылы Қарағанды сүт комбинатының Балқаштағы май өндіру, қаймақ және елден сүт жинайтын бөлімшесі ретінде ашылған. 1955 жылдан база бойынша қалалық сүт зауыты іске қосылып, қышқыл сүтті суыс және балмұздақ өнімдері өндірілген. 1967 жылы қалада сүт зауытының арнайы жана ғимараты салынып, «Гормолзавод» деген атаумен тұтынушыларға өнім ұсынған. Ол уақыттарда Дересін елді мекенінде сиыр фермасы жұмыс жасап, толықтай қаланы, зауыт пен мекемелерді және Ақшатау кентін сүт өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған. 1988 жылы қайта құру кезінде зауыттың құрал-жабдықтары түгел өзгертіліп, жана жүйеге көшірілген. 1994 жылы мемлекеттік мекемеден «Балқашсүт» АҚ-ға айналған. 1999 жылы оның құрамына Жарықтың «Ақ бұлақ» АҚ қосылды. Кәсіпорын сүт өнімдерінің 30-дан астам түрін өндірді. 1999 жыл-

дары бал татитын, таңдайға түссе тамсандырып, тіл үйіретін балмұздақтың 10 шақты түрін шығарған. Жаз айларында 20 тонна балмұздақ өндіріп, тіпті, сүт өнімінен бөлек айына 15 тонна нан пісіріп сатқан. 2005 жылы «Балқашсүт» ЖШС болып өзгерді. Кәсіпорынның жобалық қуаты 300 тонна сүтті қайта өңдеуге есептелген, алайда 2016 жылдары кәсіпорын тек 30 тонна шикізатты қайта өңдеп шығарып отырған. Дәл қазіргі кезде жұмысын тоқтатқан кәсіпорынды қайта ашып, жұмысын жандандыру туралы тұрғындар бірнеше рет мәселе көтерген болатын. Бірақ, бұл мәселенің түйіні әлі күнге дейін шешілмей отыр.

«Екі сауытшы кездесе шелегі мен қаймағын айтады» дегендей, бұл орайда балқаштықтар сүт өндіруде елімізде алғашқы орында болған «Балқашсүт» кәсіпорнын әлі күнге дейін мақтанышымен айтады. Есігіне қара қылып ілінген компанияның май, қаймақ, айран, ірімшік, қойылтылған сүт пен басқа да өнімдерін аңсаған жұрт жергілікті өндіріс ошағын сақтап қалуға құзыреті жетпегендерге өкпесі де жоқ емес.

Балқаш қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Жанмира Рахпанованың мәлімдеуінше, кәсіпорын жұмысын бастау үшін қомақты қаражат және жасайтын сиыр фермасы жоқ. Ал, маңайдағы ауылдардан тасымалданатын сүт толықтай өндірісті қамтамасыз ете алмайды.

БАЛҚАШ

● МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Мәдени нысан
жөнделмек

Теміртаудағы энергетиктер мәдениет сарайы коммуналдық меншікке қайтарылды. Ендігі кезекте тұрғындар әкімдіктен тарихи маңызы бар мәдени нысанды қалпына келтіру жұмыстарына көмек сұрап отыр.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ғимарат 1961 жылы салынған. 1996 жылы жұмысын тоқтатты. Осы уақыт аралығында ғимаратты ешкім қадағаламағандықтан әбден тозығы жеткен. Жергілікті басшылар осы ғимаратты қалпына келтіру жұмыстарына атсалысса екен деген қала тұрғындарының өтінішін ескерді. Бұл туралы әлеуметтік желідегі парақшасында «Қалалық бюджетті нақтылау

барысында біз ғимаратты тарихи архитектуралық стилін сақтай отырып, оны қайта құру үшін жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге қаражат қарастырамыз», – деп жазды Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков.

Егер мәдени ғимарат қалпына келтірілетін болса ескі атауы сақталып, түрлі үйірмелер ашылады деп жоспарлануда.



● «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНЕ – 110 ЖЫЛ

Ұлт баспасөзінің қайнары

Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің қолдауымен, қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханада «Қазақ» газетінің шыға бастағанына 110 жыл толуына орай «Ұлт рухының айғағы – «Қазақ» газеті» тақырыбында танымдық кеш өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шараға жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Сүйіндік Жанысбай, облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығының бөлім меңгерушісі Жұпар Жақан, Ұлттық ұланның 6505 әскери бөлімінің сарбаздары мен Шет тілдер колледжінің студенттері хәм кітапханашылар қатысты.

«Қазақ» газетінің шығу тарихымен таныстыру, Алаш мұрасын жас ұрпаққа оқытудың тәрбиелік тиімділігін зерделеу, газеттің ұстанған бағыт-бағдарын, мақсаттарын сараптауды көздеген шараның басында тақырыпқа байланысты бейне-слайд көрсетілді. Көрермендер назарына «Қазақ» газеті – Алаштың ұлттық мінбері» атты кітап көрмесі ұсынылды.

Жана Майқұдық мәдениет үйі жанындағы «Серпер» домбыра үйірмесінің жетекшісі Қанат Балтабайұлы «Жеткіншек» күйін күмбірлетіп, Илияс Жансүгіровтің «Домбыра» әнін әулетті.

– «Қазақ» газеті – XX ғасыр басындағы сахар елінің күллі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани тыныс-тіршілігін,

салт-санасын, әдет-ғұрпын, тіл байлығын қаз-қалпында айнаға түскендей бейнелеп берген энциклопедиялық басылым. 1913-1918 жылдар аралығында Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым. Бірінші саны 1913 жылы 2 ақпанда шыққан, – деді Сүйіндік Жұмабайұлы.

Ал, Жұпар Рысқұлқызы болса, ұлт баспасөзі мен тіл біліміне өлшеусіз үлес қосып, халқының таным көкжиегін ашуға, білім-ғылымға баулуға саналы ғұмырын арнаған Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына кеңінен тоқталды.

Сонымен қатар, «Қазақ» газетінің шығу тарихы жайлы жасөспірімдерге қызмет көрсету бойынша №1 кітапхана-филиалының меңгерушісі Гүлмаржан Болатқызы, «Қазақ» газетінің алғашқы санында жарық көрген мақалалар жөнінде №7 кітапхана-филиалының кітапханашысы Нұр Аманқызы айтып берді.

Жиынға қатысқан жастар кеш қонақтарына ұлт шежіресінің алтын сандығындай болған «Қазақ» газеті хақында өздерін қызықтырған сауалын қойып, тұшымды жауап алды.





● САРАПТАМА

Генофондқа жойқын соққы

БҰҰ-ның есірткі және қылмыспен күрес жөніндегі басқармасының синтетикалық есірткі саудасы туралы былтырғы ақпарты адам шошытады. Басқарма оның Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияда күшейіп бара жатқанын мәлімдеді. Шошытатын себеп – мұндағы сауда айналымы 2021 жылы рекордтық көрсеткішке жеткендігі. Айталық, синтетикалық есірткінің бірі – метамфетаминнің заңсыз айналым географиясы 2016-2020 жылдарда әжептәуір ұлғайған. Айналырған төрт жылда есірткі 117 елден табылған. Бұл көрсеткіш 2006-2010 жылдары 84 ел екен. Сонда алты жылда 33 елге тамыр жайып үлгеріпті. Сөйтіп, 2010 жылдан 2020 жыл аралығында тәркіленген метамфетаминнің көлемі бес есеге жеткен екен. Яғни, ол синтетикалық есірткінің жер шарын шарлап кеткендігін білдірсе керек-ті. Оның «кармағында» Қазақстан да бар.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өзге ел есірткімен қалай күреседі?

Есірткі саясаты мәселелері жөніндегі жаһандық комиссия есірткімен әлемдік соғыста осыдан оншақты жыл бұрын «Жеңіліктік!» деп қолын көтерді. Комиссия 2011 жылы «Есірткімен галамдық соғыс жеңіліс тапты. Есірткі бар әлемдегі жеке тұлғаларға және қоғамға зор зардаптар әкелді» деп ашық айтты мінберден. АҚШ президенті Никсонның сол уақытта елу жыл бұрын жариялаған есірткімен ымырасыз соғыстың жарты ғасырдан асса да, нәтижесі мардымсыздығы мойындалды. Заңнаманы қанша күшейтіп, есірткі саудасына жаза қатаңдағанымен, есірткінің әлемге бой бермей тұрғаны алғаш рет осылай жария етілді.

Содан әбден сансыраған Жаһандық комиссия 2014 жылы есірткінің кейбір түрін заңдастыруды ұсынды. Осылайша есірткілерді амалсыз заңдастырған әлем елдері пайда болды. Олар Аргентина, Бельгия, Канада, Ұлыбритания, Германия, Португалия, АҚШ, Уругвай секілді мемлекеттер. Әлбетте, жетіскеннен емес. Уды мен қайтарудың бір тәсілі екені белгілі. Ашық ресурстағы деректер мұның жақсылығын да, жамандығын да жасырмайды. Қайсыбір елде ілгерілеу болса, енді бірінде нашакорлар көбейіп кеткен. Қылмыс артқан. Яғни, жаһандық комиссияның бұл жаңалығы да жағдайды оңалтпаса керек.

Бұл кезде синтетикалық есірткі етек ала қоймаған еді. Ал қазір бұрынғы дәстүрлі есірткіге синтетика қосылып, әлем жұрты таза қайранда қалғандай күй кешіп отыр.

«Ауруын жасырған өледі»

Сондықтан, жасырары жоқ, синтетикалық есірткі әлем тұрмақ, қазір Қазақстанның әр қаласына тарап жатыр. Күнде болмаса да,

оны таратушылар мен жасаушылар жиі ұсталып та жүр. Онымен күрес жоқ емес. Мәселе күрес күшейген сайын, оның өңін өзгертіп шығуында болып тұр. Дәл осы БҰҰ дерегіне, әлемде аптасына бір синтетикалық есірткі «дүниеге келеді». Яғни, бұл наркэкономика нарығының «барондары» заңнамада жоқ жаңа есірткі түрін жасап шығарып жатқанын білдіреді.

БҰҰ-ның айтуынша, елдер арасындағы кикілжіңдер мен заң толықтай үстемдік құра алмаған уақытта наркээкономика «гүлде-

ніні жарнамалаған 1900 сайт жабылды. 19 миллион халқы бар ел үшін аз көрсеткіш емес, біздіңше.

Сондықтан да бұл күні синтетикалық есірткі – бір ғана отбасының проблемасы деуге келмейді. Ол отбасы аясынан әлдеқашан күшті қарқыны оны мемлекеттік деңгейдегі іс қатарына «жеткізді». Сол себепті ел Президенті «күрестің жалпыұлттық болуы тиістігін» атады. Әйтпесе, жөргегінде жатқанда тұншықпаған тажал тоқтар емес. Тіпті, жас атаулыны



не» береді. Өйткені кикілжіңдер синтетикалық есірткіні шығаруға ықпал ететін көрінеді.

Оңтүстік Америкада метамфетаминді тәркілеу алдыңғы жылмен салыстырғанда былтыр 7 пайызға өссе, Оңтүстік-Шығыс Азияда ол 30 пайызға артыпты. Бұл да рекордтық көрсеткіш БҰҰ мәлімдеуінше. Ал метамфетаминнің алынуы Оңтүстік-Батыс Азияда 50 пайызды көрсеткен. Алайда, бұл Орталық Азияны айналып өтті дегенді емес.

Мысалы, Ішкі істер министрлігінің ашық ресурстағы дерегіне, былтыр ел ішінде заңсыз жүрген 12 мың тонна есірткі алынған. Оның 212 тоннасы синтетикалық. 36 есірткі зерханасы жойылды. 43 есірткі каналы ұсталды. Есірт-

жаппай жалмайтын ертегідегі жеті басты айдаһарға айналған.

«...Синтетикалық есірткі тұтынатындардың көбеюі ұлт саулығына зор қауіп төндіруде. Қазіргі ахуал өте күрделі, соңғы үш жылда тәркіленген «синтетиканың» көлемі 10 есе артқан. Уақыт өткен сайын мұндай есірткі арзан әрі қолжетімді бола бастады. Нашакорлар оны әлеуметтік желі мен түрлі мессенджер арқылы емін-еркін сатып алып жатыр. Есірткіні, тіпті, үйге әкеп беретіндер бар. Бұл – аса қауіпті әрі ауқымды әлеуметтік кесел.

Синтетикалық есірткіні өндіруге және таратуға қарсы күрес жалпыұлттық деңгейде жүргізілуі тиіс. Сондықтан, Нашакорлықпен және есірткі саудасымен

күресудің кешенді жоспарын әзірлеу қажет» деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында.

Президент тапсырмасымен Ішкі істер министрлігі есірткімен күрес туралы кешенді жоспар әзірледі де. Осыған дейін де синтетикалық есірткі таратқаны үшін қылмыстық жауапкершілік күшейгені белгілі. Атап айтқанда, синтетикалық есірткі тізілімінің қатары тағы 11 жаңа түрімен, 17 есірткі заттармен толыққанды. Оған қоса, бұрынғыдай бірнеше грамм емес, бір грамм синтетикалық есірткі үшін қылмыстық жауаптылық туындайтын қаулы шықты. Дегенмен, есірткімен соғыста әлі жеңіс туы желбіреп емес. Оның түйткілінің бірқатарын жоғарыда айттық. Енді тағы бір себебі бар. Ол – интернеттің де есірткі экономикасы «өрісін» кеңейтіп тұрғаны.

Интернеттегі күрес тоқтаусыз

Бұдан біраз жыл бұрын көпқабатты үйлердің қабырғаларына ойқыш-ұйқыш жазу-сурет күпінің битіндей көп еді. Білмейтін адам әншейін еріккеннің ермегі дер еді. Ал, ол жазу есірткінің атауы мен сілтемесі. Оны білетіндер жазбай таниды. Бүгінде сәл толастады. Есесіне әлеуметтік желіде сайраны күшті. Адамнан айла артылған ба? Оларды сату негізінен интернет арқылы іске асып келеді. «Telegram», «Signal», «VIPole», «WhatsApp» әлеуметтік желілерінде отыр.

Қарағанды аймағында полиция департаментінің баяндауынша, есірткі және психотроптық заттардың таралуы туралы ақпа-

ратты қамтитын контенттерді анықтауға тұрақты негізде интернет-кеңістіктің мониторингі жүзеге асырылады. Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың, олардың синтетикалық түрлерінің жарнамасын ақпараттық-коммуникациялық желілерде бұғаттау да ұдайы. Мәселен, былтыр «киберқадағалау» барысында жүз отызға жуық сайт, аккаунт бұғатталған.

Жақында Қарағанды облыстық полиция департаменті Есірткіге қарсы іс-қимыл басқармасы қызметкерлерімен «Синтетика» есірткі арнасының жолын кесудің арнайы операциясын өткізді.

«Жедел шара Қарағанды және оған серіктес Теміртау мен Абай қаласында жүргізілді. Арнайы шара кезінде 21 мен 33 жас аралығындағы төрт азамат ұсталды. Полиция қызметкерлері күдіктілердің арнайы сайт ашып, синтетикалық есірткіні әлеуметтік желі арқылы сатқанын анықтады. Жедел қызметкерлер күдіктілердің жалдамалы пәтерлерінің бірінен сатуға дайындап қойған 90 орам ақ түсті ұнтақ заттар тәркіледі. Сараптама қорытындысына сәйкес, тәркіленген зат 603 грамм синтетикалық есірткі заты екені белгілі болды. Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 297-бабына сәйкес қылмыстық іс қозғалды. Екі күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды», дейді полиция департаменті баспасөз қызметі.

Сонымен қатар, 2022 жылы «кибернадзор» ақпараттық жүйесіне есірткі құралдарының таралуы туралы мәліметтерді қамтитын 153 ақпараттандыру объектісі енгізілген. «Курьерлер» деп жұмыс ұсынған сайттарда 93 жарнама бұғатталды. Сондай-ақ, граффити-суреттердің және есірткі сайттарының QR кодын таратпауға қатысты шаралар да қабылданған. Өткен жылы есірткіні насихаттайтын сайттарға 1780 адам сілтеме жасаған екен.

Бұл бір Қарағанды облысында ахуал. Мұндай кеп кез келген елдің түкпіріндегі қаланың басында бар. Осыдан-ақ синтетикалық есірткінің ел ішіндегі сайраны көзіңізге елестете беріңіз.

Көріңбейтін соғыс

Денсаулық сақтау министрлігінің Жастар істері жөніндегі кеңесте синтетикалық есірткіні тұтыну кейінгі 5 жылда 14 есеге өскені айтылды. Мәселен, мұндай науқастар 2017 жылы 40 болса, 2022 жылдың 1 шілдесіндегі дерек 587-ге дейін өскенін көрсетеді.

Министрлік дерегіне, есірткі қолдану арқылы «Психикалық мінез-құлқ бұзылысы» диагно-

зымен тіркелгендер саны 108 мыңға жуық. Оның 6245-сі 18 бен 29 жас аралығындағылар. Синтетикалық есірткінің қолжетімділігі және арзандығы бұрынғы есірткілерді ығыстырып келе жатқанын да мәлімдеді құзырлы орындар.

Интернет бетіндегі деректерден синтетика қолданғандардың қырыққа жетпей қыршын кететіні жиі жазылып жүр кейінде. Шизофрения, деградация, соңы өлімге әкеліп соғады. Ағзаның ерте қартайып, тозуы осы есірткінің салдары. Ең алдымен, бұл есірткіде ми зақымданады деседі мамандар. Психолог Татьяна Савицкая ересек адамдарға қарағанда жасөспірімдердің қалыпты өмірге қайтуы қиын екенін айтады сұхбаттарында.

– Жасөспірімдер үлкендерге қарағанда қалыпты өмір сүруге қайта оралуға құлықсыз. Бұл арада ми құрылысының ерекшелігін ескеру қажет. Мида соңғы боп, маңдайалды бөлік дамиды. Онда ойлау үдерісіне жауап беретін ми бөліктері орналасқан. Мидың бұл қалыптасу үрдісі 24 жаста томамдалады екен. Оған дейін адам жасөспірім саналып, бұл жас аралық қауіпті мінез-құлқымен сипатталады, – дейді психолог.

Сондай-ақ, синтетикалық есірткіге тәуелді жиырмадағы жастың ағзасы жетпістегі қарияға пара-пар екенін де мамандар жиі айтып, дабыл қағып жүр. Демек, өмірмен қоштасуы да жақын деген сөз. Көріңбейтін соғыс жүріп жатыр. Талай дуалы ауыздардың «Генофондқа жойқын соққы» деуі де осыдан.

Қайтпек керек?

Әлі күнге бұл сұраққа толыққанды жауап жоқ. Қабылданып жатқан заңнама, дайындалған кешенді жоба-жоспарлар тосқауыл бола алмай жүргені өтірік емес. Дүние жүзі шешім іздеп, басын тауға да, тасқа да соқты. Әйткенмен, саны аз ұлттар үшін уақыттың өзі кері жұмыс істеп жатыр. Оны да ұмытпау қажет.

Бұл тек құқық органдарының ғана міндеті емес. Бұған қоғамның барлық саласы жұмылуы тиіс. Соларды жұдырықтай жұмылдыратын алгоритм қажет.

Әлем жеңе алмай, қос қолын көкке көтеріп отырғанда, әлбетте, бұл оңай соғыс емес. Бірақ әлем «құдыққа түсті» деп, құдыққа түсетін емес. Шешімі жоқ мәселе болмайды. Бұл арада әлі де жетілдірілген әрекет алгоритмі керек. Кидлиннің «Егер сіз мәселені нақты айта алсаңыз, мәселе жартылай шешілді» деген заңының маңызы зор. Ескеру керек.

● КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Талапты жас

Бүгінде кәсіпін бастаймын, халыққа қызмет етемін деген жандарға мемлекет тарапынан жасалатын көмектің көп екені белгілі. Әсіресе, тың ойларын ортаға салатын талапты жастарға қолдау көп. Көпшілікке пайдасы тиетін, жергілікті жерден бастап, елді мекендердің дамуына үлес қосатын, бара-бара өңір экономикасын өркендетуге атсалысатын жоба иелерін демеп жіберетін бағдарламалардың бірнеше түрі бар. Онтайлысын таңдай білу де оңай емес.

Дулат ЖҮНІСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа жоспар болмаса да іргетасы әлдеқашан нық қаланған кәсіпті өз нәсібіне айналдырған Осакаров ауданының жиырма жасар тұрғыны – Данила Маркисов. Ол бұл кәсібін кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы аясындағы мемлекеттік грант арқасында ашқан.

Данила осы ауылдың тумасы. Анасы ерте кезден осындағы қоғамдық тамақтану орнында еңбек еткен. Баласын жас кезінен өзімен бірге ертіп жүріп осынау қарапайым жұмыстың қыр-сырына үйреткен. Басында жай көмекші ретінде жұмса, кейінде ас-судың оңай түрлерін әзірлеуді сеніп тапсырады. Дәмхана қызметінің тереңіне бойлаған Дани-



ла осы кәсіпке біржолата ауысады. Дәлірек айтқанда, 9-сыныпты бітірісімен Қарағандыдағы «Та-

мақтану және сервис» колледжіне оқуға түседі. Онда «Аспаз, кондитер және мейрамхана ісі»



мамандығын алып шығып туған жеріне оралады. Сөйтіп шағын бизнес-жоспар жасап, онымен байқауға қатысты. Оқумен қатар көмекші қызметі кезінде тапқан ақшасын жинай береді. Сол кезде-ақ жастар қызыға жейтін пицца, суши сияқты жеңіл тамақтарды дайындап сатады.

Бүгінде Даниланың аудан орталығында өз дәмханасы бар. Ол оған бірінші кезекте кондитер қауымына өте қажет конвекциондық

пеш сатып алған. Соның көмегімен мұнда торт пен тәтті тоқаштардың сан түрі әзірленеді екен. Сонымен қатар, ыстық тағамдар даярланып, тамақтанушылардың сұранысын қанағаттандырады. Шағын тойлар мен туған күндерге тапсырыс алуға да дәмхананың мүмкіндігі бар.

– Алдағы уақытта жұмыс сапасын арттыра отырып, қызмет көлемін кеңейту ойда бар. Қызмет көлемі дегенде, осы іске икемі мен

ынтасы бар жастарды жұмысқа тарту. Мұндағы басты талап – тазалық. Дәмхананың іші-сырты болсын, ас мәзірлеріне де сондай талап қоямыз. Кәсіпті жеңейту мен халықтың қызығушылығын арттырудың бірден-бір жолы осы. Ойда талай игі жоспарлар бар, соларды іске асыру мақсатында жұмыс істейтін боламыз, әрі баршаңызды қонаққа шақырамыз, – дейді Данила.

Осакаров ауданы

ЖЕТИ ҚАЗЫНА

(Жалғасы. Басы №11 санда)

Сонан сауалнама жүргізетін. Жер бетінен қасқырдың сүйегін көрдіңіз бе деп. Өлген қасқырдың сүйегі қайда кетеді деп. Қасқыр қорым көрдіңіз бе деп. Сонда да жетекке

жүрмейді-ау...

Сонан өзім жауап берейін. Қасқырдың сүйегі ешқайда да кетпейді деп.

Олар да өзімді сынды, жер қазып, арулап көмеді деп. Олардың өз қабырстаны болады. Сүйектерін көрінген жерге көме бермейді. Олардың да өз қорымдары болады. Соған жерлейді. Және қорымдарына келіп тұрады.

Мұндайда мен нағамым Бітім Қошмағанбетұлы жағалаймын. Менің «Көрлеуітімдегі» Тастың протогиті осы кісі. Білетіні көп. Көңілге түйгендері де аз емес. Мейлінше қарулы адам. Қасқырды жалаңқат алады.

Бұл нағамның да менен қашық жүргісі бар. Өйткені менің сауалымның ұшы-қиыры болмайтын.

Он сауал қойсам, кемі екеуіне жауап берер еді. Маған соның өзі жеткілікті.

Әкей де ит тірлікке байланғандардың бірі еді. Тура мағынасында.

– Итті білсе қазақ білсін, – деп отыратын әкеміз.

Ол кісімен де әңгімеміз жараса бермейтін. Әкеміз көргенін ғана айтуға құлықты еді. Сол мен берген сауалға жауап бере алатын ел адамдарын ретін тауып үйге келтіретін.

Осыған орай әкейді қатты сыйлады. Өзі білмесе де білетін жандармен тілдестіріп жүрді.

Осыдан кейін қалай жазбай тұрарсың?

Ит жөнінде... Бұл мен ойлағандай оңай шаруа емес екен.

Біздің елде Бақай деген күйші өткен. Ел сол кісіні көшелі күйші деп көтермелейтін. Болса болар деймін, өйткені әкеміз туған бауыры Қасымжан ағатайым ол кісіні алға салып отыратын. Ал ағатайым ел таныған, киноға түсіп жүрген күйші болатын.

Ел ол кісіні көтермелегенде бақайымен күй шалған деуші еді. Өзім көрген жоқпын, бірақ екінің бірі айтатын. Соған қарап мен ол кісінің есімін қақпай қойған екен ғой деп ойлайтынмын.

Есім кіре бұл есімнің жанамалығына ден қойдым. Есі тузам мұндай есім қоймайды ғой деп жобаладым. Жетпісінші жылдары Алматының политехника институтына ауылға келіп мауқым басылды-ау дегенде әкей:

– Кіші ағаға барып кел, – деді.

Құсайын деген кісі еді. Ел Жаманның Құсайыны дейді. Менің атамның немере інісі.

Бардым. Атам ауылда жоқ еді. – Бақай іздеп кетті, – деді әкеміз.

Менің есіме сарт етіп Бақай күйші оралды. Е-е, күй тыңдауға кеткен екен ғой деп топ пішейін.

Сол күні кешке қайтып келдім. Атамды көре алмадым. Қалуға болмады. Ертенінде жол жүруім керек еді.

Болған жайтты сұраған соң әкейге айттым.

Әкем реніш танытты. – Ел бұқа іздеуші еді... – деп.

Сонда бірінші рет естітім. Әкемің аузынан. Естітім де таң қалдым.

Иттің еркегін бақай дейді екен...

– Бақайдың ағы не, көгі не? – деп шырт түкірінсін.

Сабасына келсін деп ештеңе сұрай қоймадым.

Әкейдің ит жөнінде бірнәрсе білетініне шүбә келтіре қоймаймын. Өйткені әкей де қилы ит ұстады.

Майбас атамның туған бауыры Таймас атам да ит ұстады. Атамның мақтаншығы – Тұйғын деген тазысы еді. Сол Тұйғынмен бала кезде түскен суретім әлі күнге дейін бар.

Тұйғын тазы болғанда әлекесі еді. Сондықтан да оның орны қашанда төр болатын.

Тұйғынды сураушылар да, қалаушылар да көп болды. Қандай себебі бар екендігін білмедім, білетінін Таймас атам Тұйғынның ешкімге қимамды. Жанында Тұйғынның жүргенде салтанаты асып тұрушы еді.

Сол Тұйғынның атамды дүниеден өткенде жоғалды да кетті.

– Жылықоннен көрдік, – деп жүрді біреулер.

Жылықон деп отырғанымыз менің ата-бабаларымның жатқан қорымы...

Кейінде әкей қопарылғыш заттар қоймасының менгерушісі болып істеді. Ол қоймасы кеніштен шалғай жерде болатын. Сол қойманың күзеті әлемет болатын. Сол күзетке ит те жегілген еді. Оларға кәдімгідей жалақы төлейтін. Содан әкей де іздеп жүретін. Іздегенде үргенішін іздейді де...

Дегенмен Құсайын әкесін өзі ақтап алып жатар еді:

– Қайтсын енді, бақай іздегенде ағын іздейді де... – деп.

Солайынша мен бірінші рет бақайдың не екендігін білдім...

Солайынша мен бірінші рет бақай жақсысы ақбақайды білдім...

Кейінде барып ізбақайды білдім...

Кейінде барып иісбақайды білдім...

Кейінде барып есбақайды білдім...

Біреу естіген, біреу естімеген атаулар. Әрине, әңгімеміз ит жөнінде. Тазы, төбет, барак, бөрібасар, дүрегей, барлас жөнінде...

Сөз жоқ, ит жеті қазынамыздың бірі!

Сол қазынамыздың қадіріне жете алмай отырған жайымыз бар-ау...

Жанымыздың жарасына сор болып тиетін шындық-ау...

Жадымыздың қысқалығы болмаса талай қиын-қыстау күндерімізде осы үргеніштің аман-дығынан аман-есен шыққан жоқпыз ба?

Қоян тіреп, мильяқа дейін құлаған құлақшын кигізбеді ме?

Таңынан түлкіні іліп, шалқайтып алтасай аргын тымақ кигізбеді ме?

Қанаты жоқ болса да қияқты құсты іліп, жүрек жалғаттырмады ма?

Жарғағы жоқ болса да қолденінен балық тістеп, балықсорпа ішкізбеді ме? Сөйткен итті білсек керек-ті?

Біле қоймадық деп сіз отырсыз-ау...

Бұл бауыр тақырып болса да жат тартып қалған екен. Қазақ орыс тілдеріндегі қағаз бетіне түскен біраз жазбаларды аударыстыруға мәжбүр болдық. Аударыстырдық та жағамызды ұстадық.

Тапқанымыз мардымсыз еді.

Бәрі есімде қалмаған болар.

Бірақ есімде қалғанының өзін өзгелердің жазбаларынан кездестіре алмай пұшайман болайын.

Қазақ тіліміз жұтылып барады деп байбалам саламыз.

Соған себепші өзіміз бе деп қалам. Түсінікті қылып жеткізуге тырысамыз. Ең оңай сөздерді тауып аламыз. Бұл жағынан ешкімге жеткізе қоймаймыз.

Содан тіліміз жұтқан тартып барады. Оның мысалын осы менің жазбамнан көруге болады.

Бір ғана ит сөзіне, ит мақұлықтың тірлігіне қатысты қолданыстан шығып қалған жүздеген сөзге жолықтым. Біреуін білсем, біреуін білмедім. Өрем жетпегені де толып жатыр. Сонда да тауым шағылмады. Жылдар бойы жинай бердім. Ең соңында өзім ит болып кете жаздадым...

Қазақ тілі жұтылып жатыр деген байбаламға қосылғым жоқ.

Бекершілік деп ойлаймын. Өйткені біздің тіліміздің өзі біраз тілдің тілдік қорын сініріп үлгерген. Біздің тілімізде аңдаған жанға арап, парсы, түрік тілдерінің іздері сайрап жатыр.

Моңғол тілі де солай. Өзге жұрттың тіліндегі біздің де төл сөздеріміз жетерлік. Кезінде қазақтың «кәдімгі Сөбит Мұқановы» моңғол жұртына барған бір сапарынан қазақтың басы бүгін үш жүз сөзін термелеп келіп еді. Қалмақ сөздігін қарастырсақ одан да қазақ сөзі жамырап қоя берер еді. Жақұт тілінде де біраз қазақ сөзі аласып жүр.

Біздің тіліміздің сініргіштігі сондай тіпті халықаралық терминдердің өзінің алғашқы қалыбын таппай қаламыз. Оң жамбасымызға келгенін аударып ала қоямыз. Ең құрығанда қалық қылып...

Ал осы итке келгенде көпкеңшектен қалады екенбіз. Өз сөзімізді ұмытқанбыз, жадымыздан шығарғанбыз, ал өзге жұрттың сөзін қабылдамағанбыз.

Орыс жұртында иттің еркегін қобель, ұрғашысын сука дейді. Осы сөздерді өз тілімізден іздейік.

Жоқ... Тіпті қалық аудармасы да жоқ... Сонда қалай болғаны?

Орыстың иті мен қазақтың иті екі бөлек болғаны ма?

Орыста болғанда қазақ итінің

Ақбақай

(Ақселеу Сейдімбектің рухына)

Төрехан МАЙБАС,
этнограф-жазушы

ұрғашысы мен еркегі болмағаны ма?

Ит жыртқыштар тобына жатады.

Өйткені етпен қоректенеді. Жыртқыштардың еркегін арлан, ұрғашысын қаншық дейді.

Осыны итке қаратып айтқанда күмілжіп қаламыз...

Итке қаратып иттің арланы дегенді естімедік.

Қаншығын естіп жүрміз. Иттің қаншығы деп айтып та, жазып та жүрміз.

Мына жайтқа да назар аударар кетейікші.

Айтып отырған арланымызды еркегі деп жасығатынымыздың

алып шықты. Онысын төсекке шығармаса да төрге шығарды.

Сол тазыларын жүгіртті. Аңға салды, құсқа салды...

Оларын елден ерекше қылып барлас деп атады.

Барластарының өзі іштей бөлінді.

Із алғыштарын ізбақай деді... Иіс алғыштарын иісбақай деді...

Естілерін есбақай деді... Осының бәрін білген қазақ баласы иттің ұрғашысы мен еркегіне келгенде неге тосыла береді?

Білмеді деп айта алмасак керек.

Білсе ол атаулары қайда?



себебі неде?

Кез келген қазақ баласы ит пен қасқырдың тұқымдас екенін біледі. Сол қасқырдың арланын жал деп, қаншығын шулан деп ажыратып қояды. Жарайды, иттің мәртебесін қасқырдың мәртебесінен төмен-ақ қояйық, алайда өзіміздегі иттің еркек, ұрғашысын ажырата алмайтынымыз қалай?

Кешегі Мәшекеңнен бастап Сапуан, Әуезхан, Мұхтар, Қалихан, Дулат, бүгінде көзі тірі, топырағымыз бір Кәмел, Өмір ағаларымың ит жөніндегі жазбаларынан кереметті таппау себебіміз неде?

Әлде біздің иттеріміз ортаңғы елдердегі еркегі, ұрғашысы болмайтын...

Сонымен иттің ұрғашысын не дейді?

– Қаншық, – дейді...

– Ұрғашысы, – дейді...

– Еркегіне ше?

– Төбет!..

Ал керек болса...

Қасқыр біздің төтеміміз!

Керек болса қасқыр біздің ұлттық кодымыз!

Ал ит ше?

Бабаларымыз олардың да басын кемітпеген. Жеті қазынамыз біріне балаған.

Иттің харамдығын біле тұрып... Иттің тісі тиген жерді міндетті түрде ойып алып тастаған. Жалап деген оны бабаларымыз.

Жалап (жалеп) деп жүріс алған еркек пен әйел баласын да айтып жатады.

Күні кешеге дейін иттен ажырай қойған жоқпыз. Өйткені қызыл көменестер қой санының басын елу миллионға жеткізу міндетін қойды. Соның бағымы, күзеті осы иттің мойнында еді. Сондықтан да әр қойшының қотанынан қой мен бірге он шақты иті қоса өретін.

Сол иттерді тұрмыстық қажетіне қарай өсіре білді. Қой бақтырды, төл тасымалдағты, жүгіртті, аң шалдырды, қасқыр талаттырды, үй, қора-қопсы күзеттірді, құс ілдірді...

Суретке бергісіз тазы ұстады, тайыншадан кем емес төбет ұстады. Саққулағын да сұрыптап шығара білді. Оларын үргеніш деп аспандатты.

Тазыларын салтанат деп білді. Елде жоқ, жерде жоқ сол тазының сасық иістен ада әлеке тұқымын

құлақ ұстағаным бар.

Болған, біткені осы. Кейінде екі үлкен мақала жаздым.

Біреуі наурызкөже туралы. Екіншісі соғым туралы.

Бұл мақалалардың екеуі де кәдімгі қазақ түсінігіндегі ұғымдардан атымен алыс жатқан болатын.

Оны көшіріп басушылар аз болмады.

Жазуын жазып алып, кәдімгідей шырғып күтіп отырдым.

Өйткені осыған дейін соғым деп келгеніміз құр ет болатын.

Ал тәуелсіздік алғаннан бергі отыз жыл уақытта Наурыз мейрамын үзбей тойлағанымызбен бірде бір рет наурызкөже ішпеген екенбіз.

Алайда тырс еткен бір жан болмады...

Ал мен болсам менің бетімді аймақдай қылып тырнап ма екен дегем...

Бірақ мен соған дайын едім. Жасыратыны жоқ, ішімді тарттым.

Содан ойланайын. Мен білгенді бірде бір қазақ баласы білмегені бе деп. Өрі-беріден кейін қысылайын... Елдің

Осы ұйы сөзінің түп-тамыры ұя деген сөз бе деп қаласын.

Жалпы, үй, үйі, ұйы, ұя сөздерінің түп-тамыры біреу болар.

Сонымен иттің жатыры ұйы. Қазақ сөз жасамына қарай орайластырсақ ұйы емес, ұйық болуы керек еді.

Ит ұйығады. Қасқыр ше? Ол да ұйығатын болар? Өйткені ит қасқырдан жаралды емес пе!

Қасқырға қаратып қары дейді. Қасқыр қарығады ғой.

Уау, бұл қалай болғаны?

Ит пен қасқырдың тұқымдас-стығы қайда қалды?

Ит баласы жұпқа бір-ақ рет түсіп жатса ұйығады деген!

Басқаша болғанды ылығы дейді!

Кейінгі сөзді аса бір жеккөрушілікпен атайды.

Мойындайық, мойындамайық, ит қасқырдың көшірмесі. Оның ішінде нашары... Өйткені оның әкесі қасқыр болғанымен, шешесі қасқыр емес.

Шүйбөрінің кірігетін жері осы жер.

Жалпы, иттің атасы шүйбөрі деп отырған бөріміз қай бөрі?

Орыс жұрты оны шақал дейді. Қазіргі қазақ баласы оны ши-ебөрі деп жүр.

Ал Арқа қазақтары оны әлім-сактан шүйбөрі деп келген. Күшігін шүйкұлақ дейді. Салыстырыңыз, қасқырдың күшігін қарақұлақ дейміз.

Ал түстіктегі бауырларымыз шағал дейді.

Шақал... шағал...

Бұлар қалық сөздер ме, жоқ әлде екеуі бір сөз бе? Осыған қарап шақалдың орыс сөзі екендігіне еріксіз күмән келтіресіз. Сол орысымыз осы сөзді боқауыздарына қолданады.

Шақал дейді!

Аса бір жеккөрініш сезімімен. Оларды осылайша опасыз санайды. Шынымен солай ма?!

Орыста род ұғымы бар.

Біз де бар.

Туыт дейді. Бүгінде қолданыстан шығып қалған. Осы жерде оның тағы бір мағынасын айта кетейік.

Бабаларымыз барша мақұлықат баласының салған түйінін туыт деген деп ойлаймын. Бұл кәдімгі эмбрионымыз ғой. Оны бүгінде көрпеше, енді бірде түйін деп жүрміз.

Осы тұтқа жұғыстырып айтармыз орыс жұрты қасқырдың арланын волк, қаншығын волчица, күшігін волчонок дейді.

Итке қаратып қобель, сука, щенок дейді.

Шүйбөріге қаратып шақал, самка, щенок дейді.

Бұған қарап оларда да біріділіктің жоқтығын көреміз.

Шүй сөзі қазаққа молшылық ұғымында қолданылады.

Және солай түсініледі. Соғым сойғанда семіз болсын демей шүйгін болсын десек басқа себебі жоқ болар.

Ал ши-ебөрі жарықтықта құлақ жағы баршылық. Осыдан барып оның күшігі шүйкұлақ аталып тұрған жоқ па? Олай болған жағдайда шүйбөрінің шүйбөрі болып шығады. Олай болса айтып жүрген ши-ебөріміздің дұрыс атауы шүйбөрі. Түскейдегі бауырларымыз ши-ебөрі деп те, шүйбөрі деп те айтып жүр.

Шүйбөрі қалай дегенде қасқырға жақын.

Олар да қасқыр сынды бір-ақ рет жүр құрады. Олар да қоғамдас-сып өмір сүреді. Олар да қасқырша көбейеді. Олар да шүйкұлақтарын алпыс үш күн көтереді. Бұлардың туыстығы осымен бітеді.

Шүйбөрі сүйегі ұсақ болғандықтан өздерінің шамалары жететін қоян, борсық, суыр сынды майда аңдарды азық қылады.

Реті келсе итті де тартып кетеді. Шүйбөрінің одан әрі алыстай түсетін жері өлексемен де қоректену беретіні. Мұнан басқа шөп-шаламды, жеміс-жидектерді де азық қылып жүре береді.

Ал шүйбөрінің терісі ішікке жарады дегенді естімедік. Тон тіккен деп те ешкім айта қоймайды.

Соған қарамастан ертеректе, соғым жылдарында шүйбөрі терісін де жиыстырып ондеген екен. Оны не істегендерін кім білсін, ал біздің етікшілер сол шүйбөрі терісінен шитен деген аяқтон, аяқтон болғанда қысқа қонышты етік тіккен екен. Осы жерде бабаларымыздың ит терісінен итен тіккендерін де оқырмандарымыздың есіне сала кетейік. Бұл әлгі сбірліктердің унты етігіне келеді.

(Жалғасы бар)



• ЖАҢА КІТАП

Туған жер және тағдыр

Заман қаһарын төгіп, бет қаратпай, қазақ халқының басына зобалаң тудырып тұрған кезеңде елінің еңсесін көтеріп, халқының сөзін сөйлеп, рухын асқатқатқан Арқа жұртшылығының ауыртпалығын бөлісіп, жапанға жар салған «Орталық Қазақстан» газетінің жанкешті еңбегін мақтанышымен айтуға болады. 90 жылдық тарихы бар «Орталық» қыстың қытымыр аязында да, көктемнің асу бермес алапат селінде де, жаздың аптап ыстығында да, күздің бет қаратпас қара суығында да халқымен бірге болып, жайма шуақ күндерде жақсылығын сүйіншілеп елге хабар таратып, оқырманымен бірге жасасып келеді. Өзім 54 жылдан бері «Орталықпен» қауышып келемін.

Осы жылдар ішінде бұл басылымда айтар ойын міндетін оғандай дәл жеткізген, халқы үшін қара басын қалқан еткен көп журналист қызмет етті. Ақын Б.Ысқақов, А.Сейдімбек, жазушы Ж.Бектұрғармен «Орталық Қазақстан» арқылы етене араластым. Газеттің тізгінін ұстап, ақиқаттың тура жолынан қия бастырмай, өз үнін тура жария еткен бас редакторлар Р.Сағымбеков, Н.Оразбеков, М.Сембайлар қарағандылықтардың ғана емес, қазақ елінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы шоқтығы биік мақтаншысы. Көптеген журналист кадрларымыздың «Орталықтан» қанаттанып, республикалық БАҚ-тарда еңбек етіп жүргені көңілге медет...

1980 жылдары «Орталық Қазақстан» газетінде елдегі жетістіктер мен кемшіліктерді өткір тіл, мағыналы оймен жазып, салмақты-ұсынысын тайсалмай айтқан үш ару журналист қыз болды. Бірі – бүгінде елге танымал ақын О.Тұржанова, екіншісі – кезінде өмір соқпақтарында көп қағажу көрсеткен, елдің ғылымы мен өндірісінің дамуына ерекше күрескерлікпен зор үлес қосқан белгілі академик, партия және қоғам қайраткері Оңдасыновтар туралы естелік кітаптар жазған Г.Оразалиева және бүгінгі әңгімемізге арқау болған – Баян Бұлғақбаева (бүркеншек аты Баянды Әлпи).

Баян Бұлғақбаева 1970 жылдары Мәскеудің М.Горький атындағы әдебиет институтын бітірген. Жақында қолына оның орысша жазған «Қазақстан – моя судьба» кітабы түсті. Боямасыз жазылған, ата-баба тағдыры мен автордың өмір жолынан сыр шертетін, тәрбиелік мәні зор, қазақша ойлан, орыс тілінде орнектелген туынды екен. Бұдан бұрын қазақ тілінде жарық көрген «Тамшы», «Жүрек сыры» кітаптарын оқып, ав-



БАЯНДЫ АЛПИ

КАЗАХСТАН – МОЯ СУДЬБА

Незабываемые встречи... Жизнь как на ладони

тордың журналистика саласындағы сара жолын поэзия, проза тілімен жатық жазатынын байқағанмын. Ал мына кітаптан туған жерге деген сүйіспеншіліктің автор бойына анасының ақ сүтімен сіңгенін байқадым. Қытай елінде дүниеге келген ата-баба жүрегіндегі туған жерге деген аңсар, сағыныш, арман Баян қаламынан төгіліп, туған жерге аман-есен жеткен, бақытты балалық шақтың тәтті дәмін татып, өз Отанында ескен желдей еркін өскен, туған елдің аялы алака-

нында бақытты өмір сүріп жатқан, бір әулеттің мәуелі бәйтерегінің алтын дінгекті әжесі болып отырған Баян Бұлғақбаеваның бақытты ғұмырына ұласады. Туған жерге келген кезеңдегі өмір қиыншылығын ренішпен емес, қалыпты жағдайдай көріп, жеңуге тырысқан өмірге құштар, адамдарды жатысыбайтын жан әжесінің ақылын, анасының тәрбиесін, әжесінің үлгісін өз ұрпағына үнемі үлгі етіп айтып отырады. Қазақ халқында аты ұранға айналған алтын құрсақты аналар аз

емес. Руының бір бұтағының бас көтерері болған Әлпи әжесі секілді Баян да балаларына әжесін жоқтатпай, артында қалған туыс-жеқжаттарына, ұрпағына бас-көз болып, «ағайын тату болса ас көп» деген қағиданы берік ұстап, ұрпақтарының кең қанат жаюына мүмкіндік жасаған аулы ана. Оның бүркеншік есім ретінде Әлпи есімін алуы, әже тәліміне деген құрметі шығар. Әлпи әжесінің тәрбиесін көрген Баян, Маржан, Серік, үшеуі де тәуелсіз еліміздің бақытты азаматтары. Баян – елге танымал ақын, аудармашы, журналист, жазушы болса, Маржан – мемлекеттік қызметте ұзақ жыл еңбек еткен зейнеткер. Ал, Серік Бұлғақбаев болса – Мәскеудің Шепкин өнер училищесін бітірген, Жезқазғандағы С.Қожамқұлов театрының көрнекті актерлерінің бірі, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі.

«Қазақстан – менің тағдырым» кітабында Баян Әлпи өз әулетінің тағдыры арқылы қазақ елінің басына түскен зобалаң жылдар мен зар заманның қазақты қаңбақтай қаңғытқан кезеңіне мәлімет береді. «Арқа жайлы болса, арқар ауып несі бар» деген бабалар қағидасының шындығын еске салады.

Автордың есею жылдарында ақылын айтып, жол көрсеткен, қамқорлық жасап, қол ұшын берген ардақты ел ағалары туралы жазған естеліктері де құнарлы. Қазақстан Орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.Қонаевпен және Ш.Айтматовпен кездесуі, ақын-жазушылармен Жазушылар одағында алғашқы қызмет істеген кезіндегі ағалық қамқорлық көрсеткен, жол сілтген аға-апалары туралы да естеліктері өте тартымды. Мәскеудегі студент кезіндегі достары – бүгінгі күні тәуелсіз еліміздің айтулы өнер, мәдениет, әдебиет саласындағы тұлғалар туралы жазғандарынан да сағыныштың лебі еседі Керемет әнші, марқұм А.Сембин, талантты актер, «Тамшаның» тарланы М.Нүрекеев, белгілі актер-режиссер, бүгінгі күні даңқты режиссер, Астана жастар театрының ұйымдастырушысы, көркемдік жетекшісі Н.Жақыпбаевтар туралы естеліктері өте сәтті жазылған.

Автор «Қазақстан – моя судьба» кітабын өзі аударып, қазақ тілді оқырманға да ұсынады деп сенемін.

Кенес ЖҰМАБЕКОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты

Еске алу

Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ селосының тумасы, ауялы аناмыз **Күлән СМАЖАНОВАНЫҢ** дүниеден озғанына 1 жыл болды.

Зымыраған уақыт тоқтамай, алға жүйткіп жүре береді. Кеше ғана арамызда жүрген анамыздың бейнесі есімізден кетпейді.

Анамыз 1938 жылы туып, әжесінен ерте айырылып, ата-әжесінің қолында өсіп тәрбиеленген. Мектеп бітіргеннен кейін, еңбек жолын Егіндібұлақ аудандық банк бөлімшесінде есепші-кассир болып бастаған. Ардақты әкеміз Қарымсақ Рысбековпен отыз жылдай бірге тұрып, көпбалалы отбасы атанды, «Батыр Ана» атағын алды. Адал жарынан ерте айырылса да мойымады, қажыр-қайратымен әртүрлі мекемелерде еңбек ете жүріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немереден шөбере сүйді. Өмірден тоқығаны мол, парасатты, ұстамды, байсалды мінезімен ерекшеленетін. Өмірінің соңына дейін үнемі бала-шағасының тілеуін тілеп, ақыл-көнесін беріп отырушы еді.

Ауялы анамыздың бейнесі туған-туыстары, балалары мен немере-шөберелерінің есінде, жүрегінде мәңгі бақи сақталады. Жаны жәннатта, топырағы торқа, иман байлығын берсін дейміз.

Р.С. Марқұмның 1 жылдық асы Қарағанды қаласы, Шахтерлер даңғылы, 10 мекенжайында орналасқан «Әнет баба» мешітінің асханасында 2023 жылы 12 ақпанда 16.00-де беріледі.

Марқұмның артынан дұға бағыштап, сағынышымен еске алушылар: **балалары, немере-шөберелері** №46



Қарағанды Шинсервис
ШИНАЛАР

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

- жеңіл автокөліктері үшін
- жеңіл жүк көліктері үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалары үшін

Қарағанды қ. қойма: Асфальттың көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

Жаңалықтан құр қалмаңыз!
«ОРТАЛЫҚТЫ» САЙТТАН ДА ОҚЫҢЫЗ
www.ortalyq.kz

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

• ҚАРТТАР – ҚАЗЫНАМЫЗ

Атажұртқа алып келген сағыныш

Баяғы жаугершілік заманда қалмақтардың қолына тұтқынға түскен қазақтың бір баласы айдалада аттын қу басын тауып алып, «Сенің арғымақ аттың басы, менің Тольбай сыйшының баласы екенімізді кім біледі?» деп құшақтап жылаған көрінеді. Сол айтқандай, Топар кентінде тұратын Моңғолияның бұрынғы Мемлекеттік хатшысы Зарыққан Бағылұлы біреу білсе, біреу білмейді.



Erzhan ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Зарыққан Бағылұлының айтуына қарағанда ол 1943 жылы Моңғолияның Баян-Өлгей аймағындағы Саксын сұманының (біздіңше – кеңшар) Дайын көл өлкесінде дүниеге келіпті. «Дайын көл» дегеніміз моңғол сөзі емес. Кезінде Шыңғыс хан талқандаған найман ханы Даянның жұрты бұл. Кейіннен бұрмаланып кеткен ғой. Әйтпесе бұл жер мен Қытайдың Шыңжаң аймағы сол замандағы Найман мен Керей мемлекеттерінің желгі қонысы болғаны тарихтан белгілі. Оны баса-көктеп жайлаған жоңғарлар құрған мемлекеті жер бетінен жойылып кеткен соң, 1760 жылдардан олардан босаған бұрынғы орындарына наймандар мен керейлер қайта қоныстана бастайды. Он екі ата Абак – Керей тайпасы Ер Жәнібек батырдың бастауымен келеді. Соның ішінде Шеруші руын Байталақ батыр әуелде Қытайдың Шығыс Түркістан өңіріне тұрақтатады. Бірақ кейін қалың Қытайдың қыспағынан олар моңғол жеріне біржола қоныс аударып, сол мекендеріне өсіп-өніп, өркен жаяды.

Зәкең де сол бабалардың жұрағаты. Оның әжесі Бағылұт Түкжайұлы (1917-1983ж.) Баян-Өлгей аймағының ауылдарында басшылық қызметтер атқарса, төрт баланы өмірге әкелген (1917-1982ж.) анасы Күлжай сауыншы болған. Отбасының тұңғышы Зарыққан 1960 жылы туған жерінде орта мектепті бітіріп, ел астанасы Улан-Батордың Ауыл шаруашылығы жоғары мектебіне оқуға түседі. Бір ерекшелігі, мұндағы сабақтар бірыңғай моңғол



тілінде оқытылған. Оны ойдағыдай тәмамдаған жас маман, магистр-зоотехник бұдан кейін Ресейдегі Тимирязев атындағы Ауыл шаруашылығы академиясының Басқару институтында, Берлинде мемлекеттік хатшылардың, Израильде бизнес курстарда оқып, білім алады.

Қазақ, моңғол, орыс тілдерін жетік меңгерген Зарыққан Бағылұлының терең білімі алдағы өмірі мен еңбек жолында көдеге асты. Яғни, ол бастапқыда Дорнығобы аймағы Алтыншіре сұмыныңын бас зоотехнигі (1965-1967ж.) болып істеген. Осы шаруашылықтағы екі жылында мал басын ғылыми негізде өсіруге күш салып, жануарлар арасында қаулап тұрған аусыл, қотыр, бру-

целлез ауруларынан сауықтыру ісін қарқынды жүргізеді. Мұнысы бағасын алып, осы аймақ Ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы лауазымына бекітіледі.

Арада төрт жыл өткенде іскер азамат МХР орталық партия комитеті бюросының шешімімен аталған аймақ әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалады. Бізше облыс әкімінің орынбасары орынтағында отырғанда небәрі 27 жаста ғана екен. Бұған қоса аймақ Ауыл шаруашылық бас басқармасының және бірлестіктер кеңесінің бастығы міндетін қоса атқарды.

Жаңа жұмысына жан сала кіріскен ол Дорнығобы аймағы мен Кеңестік Қырғызстанмен ауыл шаруашылығы саласындағы қарым-қатынастарды бекем ор-

нықтырады. Осы еңбегіне сүйсінген орталық оны Қобда аймағы әкімінің орынбасары және Ауыл шаруашылық бас басқармасы басшығы етіп, онда 1981-1990 жылдар аралығында 9 жыл еңбек етеді. Бұл кезеңде аймақта мал мен егін шаруашылығын қатар өркендету мақсатымен өсірілген картоп, көкөніспен елдің батыс аймақтары, ал қауын, пиязбен Улан-Батордың өзін қамтамасыз еткен.

Осыдан кейін Зарыққан Бағылұлының қызмет сатысымен өрлеу жолы басталады. Атап айтқанда, 1990-1992 жылдары Моңғолияның Ауыл шаруашылық бірлестіктер жоғарғы кеңесі төрағасының орынбасары, 1992-1996 жылдары Баян-Өлгей аймағы Ауыл шаруашылық биржасының директоры, Моңғолдың ұлттық-демократиялық партиясы аймақтық комитетінің төрағасы, 1996-2000 жылдар МХР Ауыл шаруашылық, өндіріс министрліктің мемлекеттік хатшысы, аға маманы болған. Әсіресе, Моңғол елінде мемлекеттік хатшы қызметінде өзіне дейін де, одан кейін де, бірде-бір қазақ баласы болмапты.

Жалпы, өмірінің 40 жылын Моңғолияның өсіп-өркендеуіне, ауыл шаруашылығын дамытып, реформалауға арнаған Зарыққан Бағылұлы әлемнің 30-дан астам еліне барып, тәжірибе жинап қайтқан. Оны нарық талабына сай бейімдеп, елдегі жекешелендіру, кооператив құру ісінің көш басында жүрген. Осы салалардағы жаңа заңдардың қабылдануына белсене атсалысқан көрінеді.

Жаратылысынан қарапайым, көкірек керіп, кеуде қағуды білмейтін Зарыққан Бағылұлы Моңғолияның мемлекет және қоғам қайраткері. Ол 1990-1992 жылдары МХР Халық Ұлы хуралының (Парламентінің) депутаты болғанда осы елдің демократиялық Негізгі

заңын-конституциясын дайындап, қабылдаған көрнекті саясаткерлердің бірі. Сонымен бірге 1992-2000 жылы Демократиялық партияның саяси кеңесінің мүшесі, осы партияның 4 съезіне, Моңғолия бірлестікшілерінің 6 съезіне, Дүние жүзі қазақтары және Моңғолдарының алғашқы құрылтайларына делегат болып қатысқан.

Есімі Моңғолия ғана емес, алыс-жақын шет елдерге де кеңінен танымал. Тек 2005 жылы зейнет демалысына шығысымен атамекенге көшіп келіп, Топар кентінде 17 жылдай тұрып жатқан тұғырлы тұлға, абыз ақсақалды өзіміз әлі де толық танып-білмей жатқанымыз болмаса...

Мұның өзі «Танымасын сыйламастың» кері сияқты сезіледі.

Әйтпесе ел ағасының Моңғол елінде көрген құрметі, алған абыройы мен атағы, мақтау-марапаттары бір басына жетіп артылады. Оның еңбегін Моңғол мемлекетінің жоғары бағалағанының белгісі – өңірі толған орден-медаль. Солардың ішінде МХР-дің «Алтын Жұлдыз» ордені, Ұлы Моңғол мемлекеті құрылғанының 800 жылдық және халық төңкерісінің 50, 60, 70, 80, 90 жылдық мерекелік медальдары, демократиялық төңкерістің 20 жылдық мерейтойлық медалі, Демократиялық партияның «Азаттық» ордені, ардагерлердің «Мәңгі данқ» медалі бар. Бұған қоса ол ел Үкіметі тарапынан «Ауыл шаруашылығының озат қызметкері», «Ауыл шаруашылық, азық-түлік саласының үздік қайраткері», «озат бірлестікші», «озат кооператор» атағын алып, төсбелгілерін кеудесіне қадаған. Сондай-ақ, сол елдегі Қобдай, Дорнығобы, Баян-Өлгей аймақтарының Құрметті азаматы да атанған.

Сексенінде де сыр бермеген сұңғыла саясаткер, қоғам қайраткері күнделікті қат-қабат қарбаласына қарамастан қолынан қаламын тастамай келеді. Зәкеңнің әр жылдарда жазып, жарық көрген «Кооператорлар анықтамалығы, түсіндірме сөздігі», «Еңбек ері Хурэтінің тәжірибесі», «Қобда аймағының мал шаруашылығының технологиясы», тағы да бірнеше

кітаптары моңғол тілінде жарық көрген.

Ол кісі ағып тұрған шежіреші, ақын да. Әжесі Бағылат шежірешінің ұлағаты бойынша «Барақ Сүйіндік: Тарих, шежіре», «Сүйіндіктің төр шежіресі», «Сүйіндік баян (Арғынның емес, Шерушінің Сүйіндігі – автор) шежіре-дастаны, «Өзіммен сұхбат», «Ізім-Өзім» естелігі, «Бәй-терекке жеткен із» хикая-эсселері, «Дайын көлдің толқыны» өлең кітаптары қазақ тілінде жарияланыпты. Ол өзінің туған, өскен өлкесі туралы «Сақсай тарихы», «Сақсай анықтамалығы» кітаптарын ғылыми негізде жазып, Сақсайтаудың негізін салды.

Ақын-жазушы ағамыз атамекенге зейнетке шыққан соң көшіп келгенін айтқанбыз. Өзі бір өлеңінде:

Атамекенді аңсап барай

арысың,

Жетеледі қазақтығым, намысым.

Ұрпағымды тоғыстырып ұлттына Отемекпін ата-баба борышын, – деп жазғанындай, арманына да жетті. Өзінен тараған өрен-жаранымен Сарыарқаның сауырында жашырақ жайып, мәуелі бәйтерекке айналып отыр. Өзіне өмірлік серік болған жары Мәнура Қыдырбайқызы қасында. Екеуі қосылғандарының Алтын тойын да атап өтіп, Құдай берген 6 баланың қызығын көруде, кезінде Моңғолияда техникум, университет бітіріп, сауда экономисі мамандығымен әр салада еңбек еткен Мәнура жемісті Моңғолияның «Ана даңқы» ордені мен Қазақстанның «Күміс алқа» медалін алған ардагер зейнеткер. Осындай ардақты ата-ананың тәрбиесін көрген Армангүл, Дайынгүл, Жұлдыз, Жаннұр атты қыздары да мамандығы бойынша Астана мен Алматыда жұмыс істеп, тұрып жатыр. Екі ұлдың бірі Аманбек ерте қайтыс болып, арғында бір қызы қалса, Аманжолы отбасылы, өздерімен бірге тұрады.

Сонымен Моңғолияның мемлекеттік хатшысы болған Зарыққан ағамыз жайлы әңгімеміз тәмам. Осыдан кейін абайлықтар абыз ақсақалын анық танитын болар...

Кәмел ЖҮНІСТЕГІ

Елін сүйген ер еді...

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері, Мәдениет қайраткері, Сәкен Сейфуллин атындағы сыйлықтың иегері, қарымды қаламгер, ардақты азамат Кәмел Жүністегі ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін 84 жасында өмірден өтті.

Ол 1939 жылы 27 қаңтарда Ақсу-Аюлы ауылында дүниеге келді. 1960 жылы Қарағанды педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түсті. Өндіріс жасында асқақ қиял жетегіндегі жалынды жас Кәмел Жүністегі елдің тарихы мен қоғамдағы сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік қатынастарды білуге қызығушылық танытып, қазақ жастарының арасында құрылған, «ЕСЕП» (Елін сүйген ерлер партиясы) партиясын ұйымдастырушылардың бірі болды. Сол үшін бірнеше жылға бас бостандығынан айырылып, зардап шекті.

Жазасын өтеп оралған соң, 1966 жылы институттағы оқуын сырттай жалғастырып, 1977 жылы ойдағыдай бітіріп шықты.

Ұзақ жылдар бойы Ақсу- Аюлы

кентінің білім беру саласында жемісті қызмет атқарды. Аудандық мұражайдың директоры, «Заман» газетінің редакторы болды.

Оның қаламынан бірнеше әдеби кітаптар мен шұрайлы шығармалар туды. Оқырман қауымының тарапынан жоғары баға алған «Құба белдер» трилогиясын жазды.

Кәмел Жүністегі өңірміздің тарихы мен шежіресін зерттеуге өлшеусіз зор үлес қосты. Көптеген тарихи тұлғалардың беймәлім

өмір деректері мен мұраларын анықтап, ғылыми айналымға қосты. Жас ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеуге шақырды. Шын мәнінде ол қазақ халқы руханиятының шырақшыларының бірі еді.

Марқұмның есімі мен ел үшін атқарған елеулі еңбегі халықтың жадында мәңгілік сақталатын болады.

Қош болыңыз, қадірлі Кәмел аға! Иманыңыз саламат болып, жаныңыз жұмақтан жай тапсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі



Жарқын бейнесі – жүрегімізде

2023 жылдың 3 ақпан күні 84 жасында Шет ауданының Құрметті азаматы, ҚР Жазушылар одағының басқарма мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, есімі елге белгілі ақын, жазушы Кәмел Жүністегі дүниеден озды.

Кәмел Жүністегі – 1939 жылы 27 қаңтарда Шет өңірі, Ақсу- Аюлы ауылында туған. Орта мектепті 1956 жылы ойдағыдай бітірген Кәмел Жүністегі 1959 жылы аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі болып еңбек жолын бастаған. 1960 жылы Қарағанды Педагогика институтының тарих факультетіне оқуға түседі. Осы кезде-ақ, асқақ қиял жетегіндегі жалынды жас елдің тарихын білу мен қоғамдағы сол шақтағы саяси-әлеуметтік қатынастарға араласу қызықтырған еді. 1962 жылы қазақ жастары арасында құрылған, «ЕСЕП» (Елін сүйген ерлер партиясы) партиясын ұйымдастырушылардың бірі ретінде, жерлес досы, ақын Зейнолла Игілікұлы екеуіне саяси айып тағылып, Сібірдегі лагерде болған. Жазасын өтеп оралған соң, 1966 жылы қайтадан институттағы оқуын сырттай жалғастырып, 1977 жылы ойдағыдай бітірген. Сол, 1966 жылдан 1984 жылға дейін аудан орталығындағы М.Горький атындағы мектепте тарих пәнінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі, 1984-1989 жылдары аудандық білім

бөлімінде әдіскер болып қызмет еткен. 1989 жылдан 1992 жылға дейін аудандық мұражай директоры, 1992-2005 жылдары аудандық «Заман» газетінің редакторы болып қызмет атқарды.

Жазушы «Дос көңілі», «Көне хикая», «Көксеу», «Көксенгірдің тасында», «Соңғы Абыз», «Ұлы пайғамбар және ұрпақтары», «Шырағдан», «Қоңыр Құлжа», «Мөрші», «Арманым оттан өрліген», «Едіге», орыс тілінде «Вожақ», «Адам, қайда барасың?» кітаптарының, «Құба белдер» трилогиясының, «Тар заман» спектаклінің авторы.

Тарихи тұлғалар мен көне жәдігерлерді зерттеу барысында «Бір ауыз сөз», Шортанбай жырау «Қай заман», Хазірет Әлі «Меруерт қайнар» кітаптарын құрастырып, жарыққа шығарған. Әуесқой композитор ретінде танымал «Арқа самалы», «Аяулым», «Домбыра», «Туған жер», «Жаз келді», «Жас Алаш» маршы әндерін жазған.

Қарапайым да елгезек, адамгершілігімен, ақжарқын мінезімен барша елдің құрметіне бөленген ағамыздың отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Оның жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

М.МУХТАРОВ, С.СОЦИАЛ,
Д.КӘРСЕМБАЕВ, М.ЖУМКИН,
Р.РЫСҚАЛИУЛЫ,
О.СТЫБАЕВ, М.ЖОНКИНА,
Б.АРЫСТАНБЕКОВ,
Б.ТӘКШОВ.

«Алаш!» деген жүрек тоқтады

Ақпанда Арқа жұртын аңыратып, Алаштың аяулы перзенті дәріп бақиға көшті. Қылшынан қан тамған Совет үкіметіне қарсы тұрған Кәмел Жүністегі ағамыздан айырылды. Қарымды қаламгер ғана емес, жүрегі түкті, мінезі мықты қайраткер еді.

Кәмел ағамыз өзінің саналы ғұмырын қазақты тануға һәм танытуға арнады. Бүкіл жыраулар мен көне тарихты зерттеп, қаншама сүбелі еңбектер жазды. Студент кезімізде «Құба белдерін» оқып, шежірелі тарихтан сыр ұқтық.

Жанат ЖАНҚАШҰЛЫ

Кәмел ағамыз ештеңеге қызыққан жоқ. Тек жазумен болды. Марапаттың «шарапатын» көрмеді. Бергінде Төрехан Майбас ағамыз бас болып, «Халық қаһарманына» ұсынып, Ақордаға хат жазды. Нәтиже жоқ. Мүмкін кейін болып қалар. Бірақ, одан ағамызға не пайда енді. Тірісінде құрметтеп, тірісінде асқақтатқанға не жетсін?! Қазақ үшін от кешкен асыл адам кетіп барады. Бір дәуір аунап түсті...

Қош, Кәмке!

Сен аға едің,
Жағам болып өткенің.
Мен іні едім.
Ірілігім жетпеді.
Сен дара едің,

Сен дана едің,
Бағанды алмай кеткенің...
Бақұл бол!
Иманың жолдас болсын!

Софы СМАТАЕВ

«Елім!» деп басын бәйгеге тіккен арда азамат еді

Қабырғалы қаламгер, халқының қара нардай қайыспас қайраткері Кәмел Жүністегінің қазасын естіп, жаным ауырып, жүрегім сыздап отыр. Өзім ауырыпқырап жүр едім, мына қаралы хабар үлкен соққы болды.

Кеудесі қазынаға толы азаматтан айырылды. Кәмел аға нағашым еді. Нағашымнан көз жазып қалдым. Шет өңіріне табаным тисе, үйіне еркелеп барып, әңгіме соғушы едім. Асқар таудай ағамның өмірден өткеніне өзімді қорға жер таба алар емеспін.

Ел басына күн туған қиын кезеңде жанын шүберекке түйіп, белін бекем буып, өмірін елі мен жеріне, оның болашағына арнаған арқыраған азамат еді ғой, Кәмел ағам. Қандай қиындық, қағажу көрсе де, дегенінен қайтпады. Қасқайып, қарсы тұрды. Әлдекімдер сияқты жалған атақ-даңқ үшін біреудің ығына жығылған жоқ. Еңсесін тік ұстап жүріп өтті өмір-

ден.

Кәмел Жүністегі бос сөзге былғанып өмірін босқа өткізгендердің қатарынан емес. Қаншама көркем шығарма жазды. Ойындағы дүниелерін тасқа басып кетті. Үйінің өзі – бір мұражай еді. Сөйлегенде кірме сөз қоспай таза сөйлеуші еді марқұм. Ұшан-теңіз білімі мен өнегелі өмірі кейінгі жас буынға үлгі боларлық тұлға.

Өмірінің кез келген сәтін алып қарасаңыз ұлты үшін күресіп өткен ізі сайрап жатыр.

Соңына қалдырған түрлі жанрда жазылған мол мұрасы ел игілігі үшін қызмет ете берері анық. Асқақ рухы ел-жұртымен бірге жасай бермек.

Жаратушы иеміз, алдыңыздан жарылқап, панасына алыс!
Жаныңыз жәннатта, тәңіңіз рахатта болғай Кәмел нағашы!
Сіз мәңгі біздің жүрегіміздесіз!

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

Мол мұра қалдырған марғасқа

Ардақты Кәмел ағамның ұрпақтары!

Сіздерге Қазақтың қайтпас қайсар қайраткері, қабырғалы қаламгері, өнегелі ұстаз Кәмел Жүністегінің дүниеден озуына орай қайғырып көңіл айтамын.

Ағамыз бар ғұмырын ұлтына қызмет етуге арнады.

Сол үшін қаншама қуғын-сүргін көрсе де мойымады. Соңына мол әдеби мұра: тамаша романдар мен повестер, әңгімелер жинағы қалды.

Сарыарқаның арғы-бергі тарихы, ата-бабалар шежіресіне қатысты тағылымдық мәні зор еңбектер жазды.

Ұзақ жылдар бойы ағамызбен ағалы-інілі адамдардай аралас-құралас болдық. Көптеген ақыл-кеңестерін тыңдадым.

Кәмел ағамның иманы саламат, алды жарық, орны пейіш, топырағы торқа болсын!

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАМЕД

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері, Мәдениет қайраткері **Кәмел ЖҮНІСТЕГІ**НІҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

Біз қоштаспаймыз...

Ақыретінен сырт тұрған ешкім жоқ. Сол ақыреті Кәмел ағамда келген екен.

Кәмкең дүниеден озды деген сұйытты аурухана палатасында жатып естідім.

Жүрегім жүрісінен жаңылды... Онсыз да аритмик едім – көпке дейін басымды көтере алмадым.

Сонан телефоныма маза болсайшы. Жұрт көңіл айтып жатыр. Ағамызға иман байлығын тілеп. Көрініп қайтайық аға деушілер қарасы да қою болар ма?! Ал маған жол жүруге болмайды... Дәрігерім криз деп рұқсат бермеді.

Жаназасы жексенбі екен. Топырақ салуға жарармын деп ойлаймын...

Ал тап қазір ішім удай ашып жатыр.

Біреу күн жүре тұрғаны ләзім еді...

Тірінің тіріге деген құрметі болады. Ат терлетіп бата алуға болады. Еш хабарласпай барып сәлем беруге болады. Үйде жатып та сәлем-сауқат жіберуге болады. Тіпті қоңырау шалсаңыз да болар еді. Осының барлығы, әрине, сауапқа жазылады...

Біздер де сондай бір құрметімді көрсетуге бекінгенбіз. Тірінің тіріге деген құрметі...

Қарағандылық бір топ зиялы қауым өкілі Президентімізге шығайық. Медаль сұрап. Өзімізге емес, әрине. Кәмел Жүністегі ағамызға! Медаль болғанда – «Халық Қаһарманы»...

Ол өтінішімізді әлеуметтік желіге де салдық. Қолдаушылар көп болды. Тіпті, басқа ұлт өкілдері де қолдады. Өйткені ол ағамыз 58-ші статьямен отырды! Советтік жұмақ заманында – 1962 жылы.

Ол заманда қандай қылмыс болсын саяси статья қойылмайтын!

Сол статья қойылды!

Кенестік қызыл өкімет қазақ жұртындағы тәуелсіздік аңсарының сөнбегенін мойындауға

мәжбүр болды.

Сол аңсар әлі сөне қойған жоқ. Өйткені еліміз әлі де бұғауда, әлі де күндеде.

Тәуелсіздік алғанымызға отыз жыл болды деп жүрміз. Онымыз жармақ тәуелсіздік. Абсолюттік тәуелсіздік жоқ дегенімізбен ұлттық тәуелсіздігіміздің өзіне жете алмай отырған жайымыз бар.

Соның оқулығын осы Кәмел ағаларымыз жазып кетті.

Сол кездегі он миллионға жетпейтін қазақтың мүддесін үш жүз елу миллион советтіктің мүддесінен жоғары қойды. Бұл жағынан «ЕСЕП» партиясы «Алашорда» партиясымен қатар тұрған партия.

Кешегі желтоқсан, кешегі қаңтар бұлқынстарынан осы аңсарымызды көреміз. Түбінде оның да бір қайыры болады. Өзгермейтін ештеңе жоқ. Олай болса өзгереміз. Қазақ ұлты болып өзгереміз. Өзімізбен бірге түбірлес туысқан елдерге де ықпал жасайтын боламыз.

Өкініштісі ол күндерді ағамыз көрмейді.

Ағамыз бүлікшіл болмысын өзімен бірге ала кетті...

Ағамыз соңғы күндерін өткізіп жатқанын ақиқат білді.

Бәрін сабырға жеңдірді. Ешкімнен ештеңе сұрамады. Және ешкімге қарыз емеспін деді.

Жазған дүниесін ықтияттаған екен. Зейнолла (Игілік), Рымқұл (Сүлейменов) ағаларым жөнінде жаза алмағанына өкініш білдірді.

Енді сұраған медаліміздің де қажеті шамалы-ау...

Ендігі қалғаны тірінің өліге деген құрметі...

Ол қандай құрмет?

Бір ғасырда бір-ақ рет келетін тұлға қандай құрмет жасасақ та жарасады!

Кәмел оқуларын өткізейік, көше атауын берейік, Кәмкең атындағы шәкіртқаы тағайындайық, болып жатса ескерткіш соғайық...

Төрехан МАЙБАС

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

«Адалдық» құндылығына бағытталған байқауға әр кафедрадан 9 мұғалім қатысты. Гимназия ұстаздары өзара әдіс-тәсілдерін ұсынып, олар келесі критерийлер бойынша бағаланды: тиімділік, жаңашылдық, импровизация, әдіс нәтижесі, құндылығы және дағдының қалыптасуы.

Байқаудың қазылар алқасына гимназия директоры Абылай Жалелов, қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Төлебиқа Байжігітова және гимназияның тәжірибелі ұстаздары мүше болды. Аукционға түскен әдіс-тәсілдер нәтижесінде III орынға ағылшын тілі поні мұғалімі Алуа Қылышова, II орынға математика поні мұғалімі Күлнарарым Мүсілім, I орынға жаратылыстану поні мұғалімі Бауыржан Тұрар не болды. Залдағы көрерменнің жеке дауыс беруі нәтижесі бойынша информатика поні мұғалімі Раушан Кен-

Педагогикалық идеялар аукционы

Мағжан Жұмабаев атындағы гимназияда «Жаратылыстану пәндері» кафедрасының ұйымдастыруымен «Педагогикалық идеялар аукционы» өтті. Мақсаты – «Зияткерлік модернизациясы-18» жобасы бойынша XXI ғасыр дағдыларын оқу-тәрбие үрдісіне енгізе отырып, құндылыққа негізделген білім беруге бағыттау. Аукционда қатысушылар педагогикалық үздік әдіс-тәсілдерін көрсетті.

жеғали «Көрермен көзайымы» номинациясын иеленді. Байқауға қатысушылар Алғыс хатпен марапатталды. Ұстаздар қауымы қатысушылар ұсынған түрлі озық әдіс-тәсілдермен танысып, келешекте өз сабақтарына қолдану мүмкіндігіне ие болды.

Педагогтердің өзін-өзі жетілдіруге және әлеуметтік шығармашылығының дамуына жағдай жасау, білім беру жүйесін дамытуға ұстаздардың кәсіби көзқарасын, құндылыққа бағытталған

білім беруді қалыптастыру мақсатында өткен «Педагогикалық идеялар аукционы» қатысушылар, ұстаздар және қазылардың көңілінен шығып, оң баға берілді. Ұжымның қолдауымен екінші жыл өткен іс-шара алдағы уақытта дәстүрлі түрде жалғасады.

Қорлан СӘДУАҚАСОВА,
Айнұр ҚОРДАБАЕВА,
химия, биология пәні мұғалімдері



Арқадағы ат спортының белесі

Облысымызда көкпар мен бәйгегінің мәселесі бір арнаға түсіп біршама оңтайланғаны баршаға мәлім. Оған Қарағанды облысының ұлттық және ат спорты түрлері федерациясының қосқан үлесі зор. Н.Әбдіров атындағы спорт сарайында Қарағанды облысының ұлттық және ат спорты түрлері федерациясы өткен 2022 жылды қорытындылап арнайы басқосу өткізді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұлпар тұяғымен түз жаңғыртып, тарпан тізгіндеген жылқы жанашырлары, яғни бәйге, көкпар, жамбы ату және аударыспақтан үлкен нәтижелерге қол жеткізген өңіріміздің үздік спортшылары, бапкер-жаттықтырушылары, ат спортына демеушілік еткен меценаттар дәл осы жылы арнайы марапатталды.

Оның ішінде Қарағанды облысының намысы үшін жас шабандоздарға белді көкпар аттарын алуға демеушілік жасап, ұлттық спортымыздың дамуына үлкен үлес қосқан ат спорты жанашырларының да аты аталып құрметке ие болды.

Сонымен жергілікті көкпар командасына «Сарбаз қасқа» атты арғымақты алып берген Азамат Түсіпбековке арнайы диплом табысталды. Сондай-ақ, «Нәтиже» деген сөйзүлікті сыйға тартқан Ерлан Әшімге, «Ақжайық» тұлпарды сыйлаған Нұрлан Мерекеұлы, «Адал» атты сөйзүлікті көкпарға берген Данияр Сабырұлына да диплом берілді.

Желмен жарысқан жүйріктердің де кезегі келіп жетті. Былтырғы ат бәйгесінің республикалық чемпионаттарында облысымыздың атын аспандатып жүрген жеті



үздік тұлпар, жеті үздік шабандоз жеті үздік бапкерге де дипломдар табысталды. Олардың қатарында «Ұлытау» атты жүйріктің иесі Мөлдір Жетпіскызы, «Бакнұр» тұлпардың иесі Әнуар Тұрлауов, қатарынан бір жылда төрт көлік ұтқан «Вертолет» атты жүйріктің иесі Төлеубек Ермағанбетов бар. Ал, сол 2022 жылы «Үздік ат бапкері» болып Димаш

Бабич, Қайсар Тойғанбек, Жандос Әбікенов, Сұғат Шыңғысов танылды. Олар федерация әзірлеген сый-сияпат пен дипломдарына ризашылық білдіріп, ұлттық спортқа жанашырлық барын сезінгендей болды. «Үздік бапкер» аталымын алған қарағандылық атбегінің бірі Бекболат Серікбеков бұл шараның атбегілер үшін маңызы зор екенін жеткізіп, ұйымдасты-

рушыларға алғысын білдірді.

– Бізде сегіз жылқы бар. Мен «Тайфунды» екі жылдан астам уақыт бойы баптап келемін және ол бірнеше рет бірінші орын иеленді. Сонымен қатар, «Бақтыры» атты жылқы өткен жылы көлік жеңіп алды. Біз екі шабандозбен де үнемі жаттығулар өткіземіз. Олардың жасы 10-да. Біздің жетістіктерімізді елеп жатқанына қуаныштымыз. Бұл бізді әрі қарай дамуға жетелейді. Алда бұдан да биік нәтижелерге қол жеткізіп, ат спортын дамытамыз, – деді Бекболат Серікбеков.

Сондай-ақ, спорт басқармасында бәйге бойынша жаңа Федерация президенті таныстырылды. Осы жылдан бастап ұлттық спорттың әр түрі жеке федерацияға кіруі керек деген ұсыныс айтылды.

– Бұрын ұлттық спорттың барлық тоғыз түр бір федерацияда болған. Енді олар бөлек болады. Менің ойымша, бұл ұлттық спорттың дамуына оң әсер етеді. Бізде жеке бәйге федерациясы құрылды. Оның президенті болып Асылназ Жұманшев тағайындалды. Ал, бас мемлекеттік жаттықтырушы – Алтай Бимен болады, – деді Қарағанды облысының ұлттық және ат спорты түрлері федерациясының президенті Нұржан Шайхин.



● БОКС Бәсеке басында – ақ басты назарда

Марокконың Марракеш қаласында бокстан өтіп жатқан «IBA WORLD BOXING TOUR GOLDEN BELT SERIES» турнирінде қос қызымыз алғашқы жеңісіне жетті.

Аталған «Алтын белбеу» бүкіләлемдік бокс бәсекесіне Қазақстан, Аустралия, Аустрия, Әзербайжан, Боливия, Болгария, Бразилия, Тайпей, Египет, Индонезия, Иордания, Ресей, Куба, Испания елдерінен біршама спортшы бақ сынасауда.

Бұл сында ел намысын қорғап тұ көтеріп, топқа түскен былғары қолғап шеберлерінен тек әйелдер құрамасы ғана. Сайыстың алғашқы кезеңінен-ақ, қазақстандық екі бірдей боксшы 66 келідегі Надежда Рябец және 75 келі салмақта бокстасқан Валентина Хальзова мықтылығын дәлелдеді. Надежда қарсыласы марокколық Тутир Мунаны тізе бүктіріп, бір сатыға алға шықса, Валентина да жергілікті боксшы Фатима Эзраханы жеңіп, сыннан сүрінбеді.



● НЫСАНА КӨЗДЕУ

Құралайды көзге атқан

Нысана көздеуден қазақстандық әйелдер құрамасы Джакартада өткен әлем Кубогі кезеңінде бірінші орын алды.

Францияда өтетін Олимпиадаға ел құрамасы толық дайын деп айтуға негіз бар. Себебі, үстел теннисі, бокс пен күрестен, жеңіл атлетикадан отандық спортшылар қарқын айтарлықтай артты. Дәл бүгінге дейін нысана көздеуден ел құрамасы мұндай талайым табысқа жетпегенді. 10 метрлік пневматикалық мылтық атудан алдына кара салмаған Александра Ле, Элизавета Безрукова және Анастасия Григорьева Қазақстан құрамасын жеңіске жетеледі. Осылайша олар дүбірлі доданы I орынмен қорытындылап, алтын тағынып қайтты.

● ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Чехиядан алтын алды

Қазақстандық жеңіл атлет Кристина Овчинникова Чехияда өткен «Athletics Indoor World Tour – Silver» турнирінің жеңімпазы атанды.

Ол әлемнің ең мықты мемлекеттерінің спортшылары қатысқан тартысты жарыста, яғни биіктікке секіруден алтын медаль жеңіп алды.

Үздік әрекет жасаған спортшы нәтижеде 190 сантиметрді көрсетті. Ал, II орын украиналық Юлия Чумаченкоға (187 см) бұйырды. Сайыстың III орынын чех спортшысы Микаэла Хруба (187 см) иеленді.



Дайындаған **Жан АМАНТАЙ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

● МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Ұлттық ойындағы ой

Жақында халқымыздың салт-дәстүрі мен ұлттық ойындарының психологиялық астарына ғылыми тұрғыда талдау жасалған «Қазақтың жазылмаған психологиясы» атты еңбек жарық көрген еді. Кітапқа арналған бейне-ақпарат Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана сайтына жарияланды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Белгілі журналист Ержан Жаубай, психолог маман Нұргүл Молдабайқызы бірігіп жазған кітап Астана қаласы, «Миқаб» баспасында басылған.

Салт-дәстүр мен ұлттық ойындар, ырым-тыйымдардың психологиялық астары ғылыми тұрғыда талданған кітапта ұлтымыздың бала тәрбиесіне ерекше мән бергені, әр салты мен әр ойынында психологиялық терең астар жатқаны нақты көрініс тапқан.

– Бұл кітаптан оқырман ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлер мен ұлттық ойындармен танысып, олардың аты-затын, қай кезде орындалып, қалай ойналатынын біледі. Психолог маманның кітаптағы кейбір пайымы салт-дәстүрлерді ұлттық ойындарды басқа қырынан тануға, олар жөнінде жаңаша ой қорытуға түрткі болып, бұрынғы тұжырым-түйіндерді

толықтыруға септігін тигізеді, – депті еңбекке пікір жазған академик Шерубай Құрманбайұлы.


Кітапқа 90-ға жуық салт-дәстүр мен 20-дан астам ұлттық ойын топтастырылған.

– Кеңес үкіметі кезінде орыс тілді аудиториямен жұмыс істеп, еліміздегі сот жүйесіндегі зорлық-зомбылық мәселелері, қылмыскерлердің психологиясымен 12 жыл айналыстым. Жаным байыз таппай, бірнеше мақала жаздым. Журналист, салт-дәстүр мен ұлттық ойындардың білгірі Ержан Жаубаймен бірге бірнеше бағдарлама дайындадық. Кітап – сол жұмыстың бір парасы ғана. Бұл аз, қазаққа төл психологиясы ауадай қажет, – дейді психолог Нұргүл Молдабайқызы.

Еңбекті Н.Гоголь атындағы облыстық кітапханадан алып оқуға болады.

Ержан Жаубай
Нұргүл Молдабайқызы

Қазақтың жазылмаған психологиясы



● МЕРЕЙ

Талапты жасты топқа қосқан

Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервті мектеп-интернат-колледж басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Алдаберген Төлеуовті облыстық спорт жанашырлары, әріптестері және жақындары зейнет жасына шығарып салды. Осыған орай, аталған интернат-колледжде іс-шара өтті. Алдаберген Мұңсызбайұлы – қанша жыл жергілікті спорт сапақтарының ел намысын қорғауда бағдары болып, бабына үлес қосқан, жан-жақты спорт маманы.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шарада мектеп-интернат-колледж басшысы Ерден Халилин сөз алып, ардагер әрі ұстаз спортшыны зейнет жасымен құттықтап, зор денсаулық, отбасына амандық тіледі. Сонымен қатар, Қазақ Ұлттық Өнер университетінің түлегі, ақын, жырышы Мұқтар Тілегенұлы домбырамен шара иесіне ән арнады.

– Алдаберген Мұңсызбайұлы тек қана білікті спортшы емес. Үлгілі педагог, қазақтың нағыз тағылым алар ағасы. Бұл кісінің тәлім-тәрбиесін көрген біршама жастар бүгін де ел абыройын асқақтатып жүр. Бір ғана Әлия Молдағұлова мектеп-интернаты емес жалпы жергілікті спорттың дамуына үлес қосқан десем



артық емес, – дейді аталмыш мектептің оқу бөлімінің әдіскері Сабыржан Арғынбекулы. Алдаберген Мұңсызбайұлы 1960

жылы Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. Қарағанды педагогикалық институтында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша білім алған. Еңбек жолын 1983-1991 жылдары Атасу кентінде самбо күресінен жаттықтырушы болып бастайды. Осында жүріп ол жергілікті жастарды спортқа баулып, самбо күресінің қыр-сырын үйретеді. Бұдан кейін 2007-2008 жылдары Алдаберген Төлеуов Әлия Молдағұлова спорт мектебі басшысының спорт жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалады. Ал, 2008-2014 жылдар аралығында облыстық жүзу спорты мектебінде басшы қызметін атқарды. 2014 жылдан 2015 жылға дейін Әлия Молдағұлова атындағы спорт мектебін басқарады. Бертін келе 2019 жылдан бергі уақытқа дейін ол дәл осы мектеп-интернат басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Еңбек жолының осы бір жарқын шақтарында Алдаберген Төлеуов ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Құрметті спорт қызметкері» төсбелгісін, сондай-ақ, Білім және ғылым министрлігінің «Дене тәрбиесі мен спортты дамытудағы жетістігі» үшін төсбелгісін алған.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ағрағат» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖУМАДИЛДИНОВА

Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДУТБАЙ
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Интернет-редакция редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерскс: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 602
№14 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жансапа ОМАРБЕКҚЫЗЫ**